

«Заңғар жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылдың 29
наурыз күні

өткізілген педагогикалық кеңестің
№ 4 отырысы хаттамасынан көшірме

Қатысқандар: 31

Қатыспағандар: жоқ

Күн тәртібі:

1. Мектептің өзін-өзі бағалауды жүргізу және ұйымдастыру туралы
Тыңдалды:

Аталған сұрақ бойынша мектеп директоры С.К.Шаненов Павлодар облысының білім саласын бақылау департаментінің 2024 жылы білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды өткізу кестесіне сәйкес және мемлекеттік аттестаттау кестесімен ұжымды таныстырды, аттестаттау Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі заңына (Білім туралы) сәйкес өткізіледі, және Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсанындағы №486 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау ережесімен таныстырды. Мемлекеттік аттестаттау дайындық аясында мектептің өзін-өзі бағалауын жүргізу керек.

2. Тыңдалды: М.Р.Жумадилова - оқу ісі жөніндегі орынбасары: Мектептік өзіндік бағалауын өткізу үшін комиссия құрамын бекітуді ұсынды.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. 29.03.-29.04.2024 ж аралығында мектептің өзін-өзі аттестатталуы ұйымдастырылып, өткізілсін.

2. Өзін-өзі бағалауды өткізу үшін аттестаттау комиссиясын құрамы бекітілсін.

3. Мектептің өзін-өзі аттестаттау туралы нормативтік құқықтық құжаттарға сүйене отырып, сапалы дайындық жүргізілсін, өзін-өзі бағалау жоспары жасалып, өткізілсін.

4. 2024 жылдың 29 сәуіріне дейін өзін-өзі бақылаудың қорытындысы бойынша педагогикалық кеңес өткізілсін.



С.К.Шаненов
Г.С.Калиева

Павлодар облысының
білім беру басқармасы,
Павлодар ауданы
білім беру бөлімінің
«Заңғар жалпы орта білім беру
мектебі» КММ

КГУ «Зангарская средняя
общеобразовательная
школа» отдела образования
Павлодарского района,
управления образования
Павлодарской области

140906, Павлодар облысы,
Павлодар ауданы, Заңғар ауылы
Школьная к-сі, 1, тел/факс: 8(71845)57-303

140906, Павлодарская область.
Павлодарский район, село Зангар
ул.Школьная, 1. тел/факс: 8(71845)57-303

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2024 жылғы 29 наурыз №1-04/51

Мектептің өзін-өзі бағалау қызметі туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 шілдедегі № 366 бұйрығына қосымша Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау ережесіне сәйкес және 2024 жылдың 29 наурыз № 4 педагогикалық кеңестің шешімі негізінде
БҰЙЫРАМЫН:

1.2024 жылдың 29 наурыз бен 29 сәуір аралығында мектептің өзін-өзі бағалау қызметі өткізілсін.

2. 2024 жылдың 29 наурыз мектептің өзін-өзі бағалау қызметін өткізу үшін келесі құрамдағы сарапшылар комиссиясы құрылсын.

Комиссия төрағасы: Сайляу Кадырович Шаненов- мектеп директоры
Хатшысы : Калиева Гульмира Сембаевна- орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Комиссия мүшелері:

Макпал Рамазановна Жумадилова- оқу ісі жөніндегі директор орынбасары
Толкын Жасулановна Сегизаева – тәрбие жұмысы жөніндегі директор орынбасары

Гульнара Кайрулиевна Абитанова – информатизациялау бойынша директор орынбасары

3.Өзін-өзі бағалау комиссиясы мектептің белгіленген қызмет бағыты бойынша объективті бағалау ұйымдастыру және өткізу үшін оларға жауапкершілік жүктелсін.

4.Қызметінің объективті бағалау туралы қорытындылар педагогикалық кеңесте қарастырылсын.

5. Бұйрықтың орындалуын бақылау оқу ісі жөніндегі директор орынбасары Макпал Рамазановна Жумадиловаға және тәрбие жұмысы жөніндегі директор орынбасары Толкын Жасулановна Сегизаеваға жүктелсін.

Мектеп директоры

Таныстырылды: Г.С.Калиева
С.К.Шаненов М.Р.Жумадилова

С.К.Шаненов

Г.К.Абитанова
Т.Ж.Сегизаева





«Бекітемін»
Мектеп директоры
С.К.Шаненов
29.03.2024 ж.

«Заңғар жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі аттестаттаудан өткізу бойынша іс-шаралар жоспары

Мақсаты: Педагогикалық үрдістің жағдайы туралы объективті баға алу және мектептің даму мүмкіндігін анықтау

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын, мемлекеттік аттестаттау мен білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалау ұйымдастыру және өткізу жөніндегі бағдарламамен және әдістемелік ұсынымдармен сараптамалық комиссиясының танысуы	29.03.2024	М.Р.Жумадилова
2	Педагогикалық ұжымды мектептің өзін-өзі бағалау қызметін өткізу туралы бұйрықпен таныстыру	29.03.2024	М.Р.Жумадилова
3	Сарапшы топтардың төмендегі бағыттағы жұмысын ұйымдастыру: -білім беру ұйымның жалпы сипаттамасы; -оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнына қойлатын талаптар; - бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойлатын талаптар; -білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар; -оқу- материалдық активтері; -ақпараттық ресурстар мен кітапхана қоры -білім алушылардың білімін бағалау	29.03.2024 29.04.2024	С.К.Шаненов М.Р.Жумадилова Т.Ж.Сегизаева Г.К.Абитанова Ш.С.Толлеуова
4	Мектептің өзін-өзі бағалау қызметінің қорытындысы бойынша қорытынды дайындық	29.04.2024 дейін	М.Р.Жумадилова Т.Ж.Сегизаева
5	Педагогикалық кеңес «Мектептің өзін-өзі бағалау қорытындысы»	29.04.2024	М.Р.Жумадилова Т.Ж.Сегизаева
6	Өзін-өзі бағалау негізінде анықталған кемшіліктерді жоюға бағытталған іс-шаралар бағалау қызметінің жоспарын құру	29.04.2024	М.Р.Жумадилова Т.Ж.Сегизаева
7	Анықталған кемшіліктерді жою	29.04.2024 дейін	С.К.Шаненов
8	Павлодар облысының Білім саласындағы бақылау департаментіне мектепте өзін-өзі бағалау материалдарын ұсыну	2024 жыл мамыр	С.К.Шаненов

«Заңғар жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
2024 жылдың 29 сәуір күні
өткізілген педагогикалық кеңестің
№ 5 отырысы хаттамасынан көшірме

Қатысқандар: 31

Қатыспағандар: жоқ

Күн тәртібі:

1. Мектептің өзін-өзі бағалау бойынша жүргізілген жұмыстарының қорытындысымен таныстыру

Тыңдалды:

Павлодар облысы білім беру ұйымдарында 2024 жылы мемлекеттік аттестацияны өткізу кестесі негізінде Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі заңына (Білім туралы) сәйкес өткізіледі, сонымен қатар Қазақстан республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау сай «Заңғар жалпы орта білім беру мектебі» КММ-де өзін-өзі бағалау болып өтті. Өзін-өзі аттестаттау бойынша өткізілген іс-шаралардың қорытындысы туралы мектеп директоры Шаненов Сайляу Кадырович сөз сөйледі. Мемлекеттік аттестацияны өткізу алдында өзін-өзі аттестаттау материалдары әкімшілік тарапынан сарапталып, жинақталғаны туралы толық мәлімет берілді (материалдары қоса беріледі).

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Мектептің өзін-өзі бақылау қызметін өткізу бойынша есебі қабылдансын.
2. Өзін-өзі бақылау қорытындысы бойынша анықталған кемшіліктерге түзету жұмыстарын жүргізіп, мемлекеттік аттестаттауға дайыдасын.
3. Мектептің өзін-өзі бақылау қызметі бойынша материал Павлодар облысының Білім саласындағы бақылау департаментіне ұсынылсын.

Төрағасы:

Хатшы:



С.К.Шаненов

Г.С.Калиева

2.1. Білім беру ұйымының жалпы мінездемесі

«Заңғар жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Жалпы сипаттама

Мектептің құрылған жылы - 1966

Мектептің толық атауы: Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар ауданы білім беру бөлімінің «Заңғар жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 140906, Павлодар облысы, Павлодар ауданы, Школьная көшесі, 1

Занды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 140906, Павлодар облысы, Павлодар ауданы, Школьная көшесі, 1

Меншік түрі: коммуналдық мемлекеттік мекеме

Занды тұлғаның байланыс деректері: Заңғар жалпы орта білім беру мектебінің байланыс телефондары: 8 (71845)57303

Электрондық пошта: sangar_shkola@mail.kz

Web-сайт: <http://oapr.edu.kz/17/>

Директордың Т.А.Ә.: Шаненов Сайляу Кадырович

Тел. 87713579199

Мектеп бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруді келесі құқық беруші құжаттар негізінде жүзеге асырады:

2021 жылдың 11 ақпанда берілген № KZ77LAA00023162 мемлекеттік лицензия

Лицензиар: «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Павлодар облысының білім саласында сапаны қамтамаыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі.

2021 жылдың 15 қаңтарындағы Занды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама БСН 980940002070

Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар ауданы білім беру бөлімінің «Заңғар жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы.

Санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды № S.11.X.KZ71VWF00043306 «18» маусым 2021 жыл.

Мектептің техникалық паспорты

ҚР Әділет Министрлігінің м.а. 2007 жылғы 24 тамыздағы №235 бұйрығымен бекітілген.

Мектепте материалдық-техникалық базасы жылдан жылға жақсаруда.

Мектепте қабат саны-1

Жалпы ауданы 1376,4 шаршы м.

Мектепте 11 оқу кабинеттері бар, оның ішінде

№	Кабинеттер	Саны
1	Бастауыш	1
2	Орыс тілі мен әдебиет	1
3	Информатика	1
4	Қазақ тілі мен әдебиет	1
5	Тарих	1
6	Физика	1
7	Биология	1
8	АЭТД	1
9	Химия	1
10	Шеберхана	1
11	Қыздар технология кабинеті	1
12	Спортзал	1
13	Медициналық блок: мед кабинеті, қызметкер, емшара кабинеті	1
14	Оқу залы бар кітапхана-1 (S75 ш. м.)- 14орын, кітапхана қоры-15914, Кітап қоры-8433 Көркем әдебиет - 7481 Оның ішінде мемлекеттік тілде-8124	1
15	Мәжіліс залы	1
16	Асхана 48 орындық	1

Оқу аптасы 5 күннен құрылған. Оқу қазақ тілінде жүргізіледі. 2023-2024 оқу жылында мектепте 129 оқушымен қамтылған, 12 комплектілі сынып, оның ішінде- 1 мектепалды сынып (5 оқушы 2 ауысымда), бастауыш сыныпта- 44 оқушы (4 сынып комплектісі), орта буында 73 оқушы (5 сынып комплектісі), жоғары буында 12 (2 сынып комплектісі). Мектеп 2 ауысымда оқиды. Бірінші ауысымда 1; 4; 5; 6; 7; 8; 9; 10; 11 сыныптар – 106 оқушы; екінші ауысымда 2;3 және мектепалды даярлық сынып – 22 оқушы (5 мектепалды даярлық сынып тәрбиеленушілері) оқиды

Мектептің жаңа даму желісі білім берудің соңғы үш жылдағы өзгерістермен анықталады. Бағдарлама мектептің қазіргі заманғы жағдайына талдау жасау негізінде әзірленеді және мектептің білім беру жүйесінің дамуының басқарылуын анықтайтын құжат болып табылады.

«Заңғар жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жылдық жоспары

Бағдарламаны жүзеге асыру үдерісінде мектеп қызметі шеңберінде мектептің даму моделі болжанды, онда мәні, мазмұны, ұйымдастыру, сондай-ақ оқыту мен тәрбиелеудің нәтижелі үдерісінің шарттары мен факторлары есепке алынды.

Мектептің 2020 - 2025 жылдарға арналған даму бағдарламасы құрылды.

Осы даму бағдарламасы (бұдан әрі-Бағдарлама) білім беру ұйымын дамытудың бес жылдық кезеңге арналған жолдары мен негізгі бағыттарын айқындайтын стратегиялық құжат болып табылады. Әлем жаһандық сын-қатерлер кезеңінде өмір сүруде. Бұл жаңа технологиялық жетістіктер мен инновацияларды енгізу, IT-технологиялардың жедел дамуы және адам ресурстарының ұтқырлығы.

Мұндай жағдайда білім мен ғылым өзгерістердің алдығы шебінде болуы керек. Әлемнің жетекші экономикасы адам капиталының жоғары деңгейі есебінен ғана өркендеуге қол жеткізуде. Бұған жаңа білім беру стратегиялары мен саясаттары ықпал етеді.«Табыс мектебінің» тұжырымдамасы білім беру мазмұнының 3 блогын біріктіреді:

- * оқушылардың жалпыға қажетті ғылыми минимумды меңгеруін қамтамасыз ететін мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес келетін инвариантты мазмұны;
- * әр оқушының жеке және тұлғалық бағыты мен қабілеттеріне сәйкес келетін пәндерді таңдау негізінде элективті негізде болжайтын өзгермелі мазмұны;
- * оқушылардың қызығушылықтары мен қолданбалы бағдарларына сәйкес танымдық қызығушылықтарын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін қосымша білім беру мазмұны.
- * оқытудың ең толық саралануы мен даралануы мамандандырылған оқытуды ұйымдастырумен қамтамасыз етіледі.

Мектептің даму принциптері

- * ізгілендіру - оқушылар арасында рухани дамудың көп қырлы, тұтас және динамикалық картасын қалыптастыруды көздейді; білім беруді ізгілендіру арқылы жеке тұлғаның рухани әлемін қалыптастыру жүзеге асырылады, жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін іске асырудың өзін-өзі жетілдірудің ішкі қажеттілігін дамытуға жағдайлар жасалады;
- * дамыта оқыту - көбіне репродуктивті әдістерден бас тартуды және оқушылардың шығармашылық ойлау мен өзін-өзі тәрбиелеу әдістерін қолдануды көздейді; ақыл-ой қабілеттерін дамыту, ең жаңа педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануды олардың көмегімен ақыл-ойдың ұтымды жұмыс дағдылары қалыптасады;
- * әр оқушының даму деңгейі мен қабілеттіліктерін жан-жақты есепке алу, осы негізде оқушының дамуын ынталандыру және түзету бағдарламаларын қалыптастыру; оқытуды жекелендіру - тұлғаның бағдарлы оқыту жүйесі арқылы білім алушының мотивациясын арттыру және әр оқушының танымдық қызығушылығын дамыту міндеті;
- * білім берудің тұтастығы - оқушыларды дамыту, оқыту және тәрбиелеу процестерінің бірлігіне негізделген; оны жүзеге асыру білім мазмұнында білім салаларының кешенін, педагогикалық технологиялардың білім мазмұны мен міндеттеріне сәйкестігін ескеретін теңдестірілген білім кеңістігін құрудан көрінеді;
- * сабақтастық - тұтас жалпыға бірдей білім беру жүйесін ұйымдастырудың іргелі негізі ретінде әрекет етеді.

Мектеп миссиясы- мектептің көп мәдениетті білім беру кеңістігінде білімді, адамгершілігі жоғары, сыни тұрғыдан ойлайтын, физикалық және рухани дамыған азамат, қазіргі заманғы экономиялық жағдайларға әрекет етуге дайын, өзін-өзі дамытатын кәсіби бағдарлы тұлға қалыптастыру.

Мектептің тақырыбы: "МЖМБС іске асыру жағдайында заманауи білім беру сапасына қол жеткізу факторы ретінде мектеп педагогтерінің кәсіби құзырттілігін дамыту»

Мақсат: білім беру процесінің тұрақты оң нәтижелеріне және білім берудің түбегейлі жаңа сапасына қол жеткізу үшін Педагогтің кәсіби шеберлігін және оның жеке мәдениетін арттыру; елдің рухани-адамгершілік құндылықтары, тарихи және ұлттық-мәдени дәстүрлері негізінде үйлесімді дамыған және әлеуметтік жауапты тұлғаны тәрбиелеу

Бағдарлама 3 жылға есептелген және білім берудің басым міндеттерін орындауға барлық мүдделі тараптардың ресурстары мен күш-жігерін жұмылдыруға арналған.

Бағдарламаны іске асыру педагогтердің, оқушылардың қызметіндегі сапалы өзгерістерді, мектеп пен ата-аналар қоғамдастығы арасында тиімді коммуникациялар құруды, сондай-ақ шешуді талап ететін материалдық-техникалық проблемаларды шешуді көздейді.

ҚР білім беруді дамытудың басымдықтары жан-жақты және әділ сапалы білім беруді қамтамасыз етуді, оқушылардың 21 ғасыр дағдыларын дамыту, мектепалды даярлықты қамтамасыз ету, оқушылардың кәсіпкерлік дағдыларын дамытуды көздейді.

Олардың арасында жаһандану, цифрландыру және жасанды интеллект, сондай-ақ күнделікті өмірде, еңбекте және жалпы елде инклюзивтілік қағидаты бар. Сондықтан білім беру жүйесі қазіргі заманға тез бейімделуді қажет етеді.

Міндеттер:

1. Білім берудің барлық деңгейлерінде білім алушылардың базалық дағдылар мен біліктерді меңгеруін қамтамасыз ететін оқыту мен тәрбиелеудің жаңа әдістерін, білім беру технологияларын енгізу, олардың оқуға деген ынтасын және білім беру процесіне тартылуын арттыру;

2. Ақпараттық-білім беру ортасының мүмкіндіктерін ескере отырып, сабақ өткізу кезінде заманауи және қауіпсіз цифрлық білім беру ортасын құру.

Күтілетін нәтижелер:

Білім беру мазмұны саласында:

- * жалпы және қосымша білім сапасын арттыру;
- * оқушылардың білім деңгейін көтеру;
- * жанға жайлы білім беру ортасын құру;
- * өзін-өзі тәрбиелеудің қажетті шарты ретінде әрекет өтетін білім алушылардың ғылыми ойлау стилін дамыту;
- * олимпиадалар мен шығармашылық байқаулардың жеңімпаздары санының өсуі;
- * жоғары оқу орындары мен кәсіптік білімге түсу кезінде мектеп түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- * жаңа курстар, үйірмелер, дамыту сағаттарын (сонын ішінде қосымша білім беру жүйесінде) енгізу арқылы білім мазмұнын жаңарту;
- * оқушылардың денсаулығын нығайту;
- * оқушылардың дене шынықтыру, спорт және салауатты өмір салтының құндылықтарына оң көзқарасы;
- * түлектердің коммуникация және әлеуметтену деңгейін арттыру; мектептің білім беру жүйесін жетілдіру;
- * ата-аналардың балаларды тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру.

Кадрлармен қамтамасыз ету саласында:

- * оқытушылар құрамының инновациялық қызметті жалғастыру мотивациясын қалыптастыру;
- * ұйымның барлық санаттаны қызметкерлерінің ақпараттық технологиялар саласындағы құзыреттіліктің қажетті деңгейіне жетуі.

Менеджмент саласында:

- * мектеп Қамқоршылар кеңесінің тиімді қызметі;
- * білім беруді ұйымдастыру мен басқару жүйесін нақты құрылымдау;
- * педагогикалық жүйенің әрбір компонентінің функционалдық орны мен рөлін анықтау;
- * жеке пәндерді, сынып жетекшілерін, тереңдетіп оқытатын сыныптарда жұмыс істейтін мұғалімдерді ынталандыру жүйесін қалыптастыру;
- * білім беру қызметіне қажеттілік және олардың мектептің қанағаттану дәрежесі, оқушылардың ынтасы туралы, сондай-ақ мұғалімдердің кәсіби деңгейі туралы мәліметтер банкінің болуы; басқару жүйесін ақпараттандыру.

2023-2024 оқу жылына арналған мектептің жұмыс жоспарының мазмұны 9 бөлімнен құрылған.

I. Жаңа оқу жылына мектеп туралы ақпарат.

II. ҚР «Білім туралы Заңының» орындалуы

III. Педагог кадрлармен жұмыс

IV. Оқу-тәрбие жүйесін басқару.

V. Мектепшілік бақылау.

VI. Тәрбие жұмыс жоспары.

VII. Ата-аналармен және қоғаммен жұмыс.

VIII. Материалдық-техникалық және шаруашылық жұмысын нығайту.

IX. Білім беру ұйымын басқару

Мектептің жұмыс жоспарлары толық көлемде іске асырылды. Әрбір оқу жылының талдау қорытындылары бойынша жоспарланған көрсеткіштер мен ҚР ББДМБ индикаторларының және мектепті дамыту бағдарламасының мониторинг негізінде жоспарланған бағыттар мен іс-шараларға түзетулер енгізілді.

**«Заңғар жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
директорымен бекітілген жұмыс жоспары мен сабақ кестесі**

1. «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, 18.08.2023 ж. № 264 бұйрығымен енгізілген өзгерістері мен): **қазақ тілінде оқытатын сыныптар үшін 1, 6, 86 қосымшалар.**

Жылдар	Бұйрықтар
2021- 2022	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген)
2022- 2023	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы. «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (жаңартылған мазмұны)
2023-2024	«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, 18.08.2023 ж. № 264 бұйрығымен енгізілген өзгерістері мен): Қазақ тілінде оқытатын сыныптар үшін 1, 6, 86 қосымша.

Оқу жоспары арқылы мектеп мемлекет тарапынан жасалған мүмкіндік пен қойылған талапқа сай міндетін жүзеге асыруда.

Оқу жүктемесіндегі сағат сандары сабақ кестесімен сәйкес келеді.

**«Заңғар жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге
асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұны**

Қазіргі таңда мектепте 11 сынып комплектісі дәріс алуда. Мектеп 2 ауысымда 5 күндік жұмыс кестесімен жұмыс ұйымдастырылды.

1-11 сыныптар саны

	2021-2022	2022-2023	2023-2024
1-4	4	4	4
5-9	5	5	5
10-11	2	2	2
Барлық сынып саны	11	11	11

1. «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012ж. №500 бұйрығы, 18.08.2023 ж. №264 бұйрығымен енгізілген өзгерістері мен)

2023-2024 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыруда қолданыста болатын МЖМБС, Үлгілік оқу жоспарлары, үлгілік оқу бағдарламалары «2023-2024 оқу жылында Қазақстан

Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік хат басшылыққа алынды.

Оқу жоспары арқылы мектеп мемлекет тарапынан жасалған мүмкіндік пен қойылған талапқа сай міндетін жүзеге асыруда.

Жұмыстық оқу жоспары (жаңартылған мазмұндағы) бойынша оқыту қазақ тілінде жүргізілетін

1-4 сыныптардағы оқу жүктемесі:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің (жаңартылған мазмұнның) оқу жоспарлары (2023 жылғы 18 тамыздағы №264 жылғы бұйрықпен бекітілген 1- қосымшасымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бұйрығы негізінде жасалды.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 5-9 сыныптардағы оқу жүктемесі:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген негізгі орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) оқу жоспарлары (2023 жылғы 18 тамыздағы №264 жылғы бұйрықпен бекітілген 6- қосымшасымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бұйрығы негізінде жасалды.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 10-11 сыныптардың оқу жүктемесі:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің (жаңартылған оқу жүктемесімен) оқу жоспарлары (2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 жылғы бұйрықпен бекітілген 86- қосымшасымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бұйрығы негізінде жасалды.

	Сынып	Инвариантық бөлігі	Вариативтік оқу жүктемесі	Оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі
(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің (жаңартылған мазмұнның) оқу жоспарлары (2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 жылғы бұйрықпен бекітілген 1-қосымшасымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген)	1	18,5	1	19,5
	2	21	2	22
	3	25	1	26
(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің (жаңартылған мазмұнның) оқу жоспарлары (2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 жылғы бұйрықпен бекітілген 6-қосымшасымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген)	4	25	1	26
	5	28	0,5	28,5
	6	28	0,5	28,5
	7	31	0,5	31,5
	8	32	0,5	32,5
9	33	1	34	

толықтырулар енгізілген)				
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің (жаңартылған мазмұнның) оқу жоспарлары (2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 жылғы бұйрықпен бекітілген 86-қосымшасымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген)	10	32	3	35
	11	32	3	35

Оқу үдерісін бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету қазіргі таңда оқу жоспарын толық жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктері бойынша оқыту процесін ұйымдастыру

Мектептің жалпы білім беретін сыныптарында ерекше қажеттіліктері бар 1 оқушы оқиды. Оның ішінде психикалық дамудың тежелуі бар оқушы – 1 (1 сынып). Ол оқушы Заңғар ЖОББМ мектебінде 1 тоқсан оқып, басқа арнайы мектепке ауысты.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар бойынша 3 жылдық көрсеткіш

Сынып	2021-2022	2022-2023	2023-2024
1-4	0	0	1
5-9	0	0	0
10-11	0	0	0
Барлығы	0	0	1

Вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру

Вариативті компонентінің орындалуын бақылау барысында мектептің оқу үдерісінің ерекшеліктері анықталды.

Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар 1-4 сыныптар

Сынып	Курстың атауы	Мақсаты
1-4 сыныптар	«Математика күнделікті өмірде»	бастауыш сынып оқушыларының математикалық сауаттылығын қалыптастыруға қажетті білім, білік, дағдыларын дамыту және логикалық ойлауды қарқынды дамытуға ықпал ете отырып, түрлі жолдармен есеп шығарудың негізін қалауға жағдай жасау.
2 сынып	«Қызықты грамматика»	Оқушылардың оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру, әріп элементтерін дұрыс жазуын, әдеби ауаттылығын, көркемдік эстетикалық талғамын арттыру, грамматикалық мағлұматтарды меңгерту.

«Жаһандық құзыреттіліктер» 5-8 сыныптарда 0,5 сағат, 9 сыныптарда 1 сағаттан таңдау курстары элективтік курсқа берілді. Типтік оқу жоспарының құрылымында белгіленген инварианттық оқу жүктемесі барлық сыныптарда сақталған.

Вариативті компонент 5-9 сыныптар

Сынып	Курстың атауы	Мақсаты
5,6,7,8,9 сыныптар	«Жаһандық құзыреттілік»	«Жаһандық құзыреттіліктер» курсы білім алушылардың әлемдегі өз орнын анықтау үшін қажетті құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, әдептілік нормалары мен мінез-құлық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді.

Жоғары сатының жұмыстық оқу жоспары толық көлемдегі терең білімді, оқушылардың ойлау, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамуын, табиғатқа ғылыми көзқарастарын, әлеуметтік мәні бар бағдарлуын, мәселелерді шешуде білімінің шығармашылық түрде қолдану дағдыларын қалыптастыруына, оқушылардың функционалдық сауаттылығын және әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз етеді. Оқушылардың және олардың ата-аналарының сұранымдарына сәйкес оқытудың жоғары сатысындағы білім беру мазмұны жаратылыс-математикалық бағыты бойынша жүзеге асырылды: математикалық-физикалық бейін (10, 11).

Жоғары сатыдағы оқытуды жіктеу принципін жүзеге асыру, оқушылардың білім алу қажеттілігін қанағаттандыру үшін оқушы компонентінің сағаттары келесі курстарға қолданылды.

Вариативті компонент, элективті курстар 10-11 сыныптар

Сынып	Курстың атауы	Мақсаты
10 сынып	«Химиядан сандық есептер шығару»	Бейорганикалық және органикалық химиядан білімдерін қорытындылау, пысықтау.
10 сынып	«Күрделі есептер шешу»	физика пәніне және физикалық есептерді шығаруға қызығушылықтарын дамыту.
10-11 сынып	«Жаһандық құзыреттілік»	«Жаһандық құзыреттіліктер» курсы білім алушылардың әлемдегі өз орнын анықтау үшін қажетті құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, әдептілік нормалары мен мінез-құлық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді.
11 сынып	«Физикадан күрделі есептер шығару»	Физика бойынша бағдарлама материалдарын жүйелі қайталау барысында оқушылардың өз бетімен білімдерін толықтыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, қиын есептерді шығару дағдыларын қалыптастыру.
11 сынып	«Химиядан сандық есептер шығару»	Бейорганикалық және органикалық химиядан білімдерін қорытындылау, пысықтау.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсының зерделеуі


2023-2024 оу жылында орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес (ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080) «Өмір қауіпсіздігінің негіздерін» (бұдан әрі-ӨҚН) міндетті түрде оқыту қамтамасыз етілуі тиіс, бұл ретте білім алушылардың төтенше жағдайларда (өрт, жер сілкінісі және т.б) практикалық дағдыларының қалыптасуына ерекше назар аударылуы тиіс.

Осыған байланысты «ӨҚН» курсының оқытуы:

- ✓ 1-4-сыныптарда-«Дүниетану» пәні аясында;
- ✓ 5-9-сыныптарда –«Дене шынықтыру» пәні аясында;
- ✓ 10-сыныптарда «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында жүзеге асырылады.

Дене шынықтыру сабағында қолданылатын қауіпсіздік ережелері

Жылдар	1-4 сынып	5-8 сынып	10-11 сынып	Жалпы
2021-2022	52	58	9	119
2022-2023	42	63	9	114
2023-2024 (3 тоқсан)	41	72	12	125



Дене шынықтыру сабағында басты назар аударатын мәселе - жаттығуларды орындау кезіндегі қауіпсіздік. Сондықтан да мұғалім барлық жабдықтар мен снарядтардың жарамдылығы мен қауіпсіздігін мұқият қадағалауы қажет. Төменде бағдарламаның жекелеген тараулары (бөлімдері) бойынша сақтауға тиісті қауіпсіздік ережелер көрсетілген:

- ✓ Жеңіл атлетика
- ✓ Гимнастика абақтарында
- ✓ Футбол ойынында
- ✓ Баскетбол ойынның қауіпсіздік ережелері
- ✓ Допты алып жүру кезіндегі қауіпсіздік
- ✓ Допты бір біріне беру кезіндегі қауіпсіздік
- ✓ Валејбол ойынының қауіпсіздік ережелері

Оқушыларға спорт залындағы қауіпсіздік ережелері бойынша нұсқау

- I. Жалпы қауіпсіздік ережелері
- II. Сабақ басталар алдындағы қауіпсіздік талаптары
- III. Сабақ кезіндегі қауіпсіздік талаптары
- IV. Апатты жағдайлардағы қауіпсіздік талаптары
- V. Сабақ біткеннен кейінгі қауіпсіздік талаптары

Ортақ қауіпсіздік талаптары:

- ✓ Сабақ алдында қойылатын қауіпсіздік ережесі
- ✓ Сабақ кезіндегі қойылатын талаптар
- ✓ Қауып қатер кезіндегі қойылатын талаптар
- ✓ Жеңіл атлетика сабақтарының қауіпсіздік ережелері
- ✓ Гимнастика сабақтарының қауіпсіздік ережелері
- ✓ Спорт ойындары сабақтарының қауіпсіздік ережелері
- ✓ Допты қағып алу
- ✓ Жүзу сабақтарының қауіпсіздік ережелері

Дене шынықтыру және спорт сабақтарын, спорт жарыстары мен бұқаралық спорт шараларын өткізу кезіндегі қауіпсіздік қағидалары

Жалпы ережелер

Осы Қағидалар дене шынықтыру және спорт сабақтарын, спорттық жарыстар және спорттық - бұқаралық іс - шаралар өткізу кезіндегі қауіпсіздік қағидалары (бұдан әрі - Қағида) «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және дене шынықтыру және спорт сабақтарын, спорттық жарыстар және спорттық - бұқаралық іс шаралар өткізу кезінде Қазақстан Республикасы аумағында орындалуға міндетті қатысушылар мен көрермендердің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі шараларын көздейді.

- ✓ Спортзал қауіпсіздік ережелері
- ✓ Бассейн қауіпсіздік ережелері
- ✓ Шаңғы дайындығы сабақтарының қауіпсіздік ережелері
- ✓ Конькимен жүру сабақтарының қауіпсіздік ережелері

Бұқаралық - спорттық іс - шараны өткізу кезінде қажетті күш пен техниканың болуы, бұқаралық - спорттық іс - шараны өткізетін күні көрермендердің болжамды саны мен нақты жағдай туралы ақпаратты ескере отырып, өрт қауіпсіздігімен қамтамасыз ету бойынша басқа да қосымша шаралар қабылдауды;

Спорттық ғимараттарының тиісті қызметтерімен спорттық ғимараттан, сондай ақ оған қатысты аумақтан қатысушылар мен көрермендерді эвакуациялау процесін бірге басқаруды қамтамасыз етеді. Қызметтер мен оның сандық құрамын спорт ғимаратының әкімшілігі айқындайды.

АӘТД сабағында қауіпсіздік ережелерін сақтау

Жылдар	10-11 сыныптар	Қауіпсіздікті сақтау ережелері
2021-2022	9	100%
2022-2023	9	100%
2023-2024	12	100%

АӘТД оқу кабинетінде әскери техникалық құрал жабдықтармен жұмыс істеу кезінде мұғалім рұқсатынсыз ешқандай құралдарды іске қосуға және оның қауіпсіздік ережесін білмей тұрып жұмыс істеуге болмайды. Сабақ өту кезінде өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін сақтау керек. Саптық дайындық сабақтарында алдында келе жатқан оқушыны шалуға немесе итеруге болмайды, саптағы өз міндетін біліп, оны түгелдей орындауы қажет.

Өзін бақылау үшін орнатылған айна алдында дайындық өткізгенде аралықты сақтап отыру керек. Техникалық қызмет көрсету жұмысында техникалық қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау. Атыс кестесі бойынша белгіленген уақыт біткенде тирді босатып, тәртіпке келтіру керек, төсеніштерді, қапшықтарды, оқ дәрі қорапшасы мен гильзаларды жинау, тирді өткізіп, атыс есебін жүргізу журналына қол қою керек.

Атыс біткеннен кейін қалған оқтар мен гильзаларды жетекшіге өткізу керек. Қаруды тазалау, көздеу құрылғыларын ұстау, қарудың бөлшектерін майлау арнайы жерде немесе қару тазалау бөлмесінде жүргізілуі тиіс.

Атыс сабағындағы қауіпсіздік ережелері

Атыс дайындығы сабағында оқу қару жарақтарымен жұмыс істегенде, оны шашып - жинау кезінде, соққышты алғанда ережесіне сай алу керек. Сабақ өту кезінде өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін сақтау керек. Атып үйрену сабағы мектептің сабақ кестесіне, үйірме жоспарына сәйкес мектеп директорының бұйрығымен жүргізіледі.

Атып үйренуші топ сабаққа АӨТД пәнінің оқытушы - ұйымдастырушысының басшылығымен жіберіледі. Атып үйренушілердің қауіпсіздік техникасын білуіне, осы ережелерді толық орындауына АӨТД пәнінің оқытушы - ұйымдастырушысы жауап береді.

Атудан бос үйренушілер арнайы дайындалған орында тәртіп сақтап күтіп тұрады. Барлық пәрмендерді білу, қатал орындау, атыс кезінде қауіпсіздік техникасының ережелерін сақтау керек.

Білім беру қызметін кадрлық қамтамасыз етуді талдау, кадрларды ғылыми-әдістемелік сүйемелдеуді ұйымдастыру

I. 2021-2024 жылдарға арналған мектептің педагогикалық ұжымының құрамын талдау; штаттық педагогикалық құрамның сапалық және сандық көрсеткіштерінің сипаттамасы

2021-2024 жылдар аралығында педагог кадрлардың сапалық әлеуетін арттыру бойынша мектеп әкімшілігінің маңызды міндеттері пәндер бойынша кадрлармен 100% қамтамасыз ету үшін жағдай жасау, жоғары, бірінші санаттағы, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы санаттарының үлесі бойынша лицензиялық талаптарды қамтамасыз ету болды:

- мұғалімдерге үздіксіз білім беру жүйесін ұйымдастыру арқылы педагог кадрлардың біліктілігін арттыру;
- мазмұны, білім беру мазмұнын жаңартуды жүзеге асыру тетіктері, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, оқытудың әрекеттік тәсілдерін енгізу, оқушылардың білім сапасын критериалды бағалау мәселелері бойынша мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру;
- педагогикалық тәжірибені зерделеу, жинақтау және тарату бойынша педагогтердің қызметін ынталандыру;
- білім беру үдерісіне оқытудың интерактивті түрлерін белсенді енгізуге ықпал ету.

Заңғар жалпы орта білім беру мектеп педагогтерінің кәсіби деңгейін әдістемелік жетілдіру бойынша барлық жұмысы 2021-2024 оқу жылына арналған "Педагогтердің кәсіби құзыреттілігі - сапаны қамтамасыз ету ресурсы" перспективалық жоспарға сәйкес өткізілді.

3 жыл ішіндегі кадрлардың сандық әлеуеті кестеде келтірілген.

	2021-2022	2022-2023	2023-2024	Динамика
Педагогтер	31	31	31	
Мұғалімдер	28	28	28	
Әкімшілік қызметкерлері	5	5	5	
Педагог-психолог	1	1	1	
Аға тәлімгер	1	1	1	
Мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі	1	1	1	

Қорытынды:

Кадрлардың санын көбейту бойынша мақсатты және жүйелі жұмыс оқу жұмыс жоспарларының барлық пәндік салаларын жоғары деңгейдегі мамандармен қамтамасыз ете отырып, мектеп педагогтерінің штатын 100% жинақтауға мүмкіндік берді.


Бұған ықпал етті:

- мектептің кадрлық әлеуетін дамыту бойынша жүйелі жұмыс;
- білім алушылар санының кемуі
- педагогтердің жоғары кәсіби көрсеткіштері.

Мұғалімдердің педагогикалық өтілі

Пед. өтілі	2021-2022	2022-2023	2023-2024	Динамика
3 жылға дейін	2	2	4	+1
6 - 10 жылға дейін	8	7	7	
11-15 жылға дейін	9	9	10	-1
16-20 жылға дейін	4	4	4	
20 жылдан жоғары	8	9	6	-3
Барлығы	31	31	31	

Ұстаздардың педагогикалық өтілі



Қорытынды:

1. Мектептің кадрлық құрамының сандық және сапалық талдауы жұмыс тәжірибесі бар мұғалімдер үлесінің артқандығын көрсетеді.

2. 6 жыл еңбек өтілі бар мұғалімдерден бастап, педагогикалық тәжірибесі бар ұстаздардың санының өсуі байқалады. Бұл өзгеріс - мектепте тәжірибелі мұғалімдер еңбек ететінін дәлелі.

3. Мектептің педагог қызметкерлерінің жас құрамының талдауы мұғалімдердің орташа жасының 41 жасты құрайтынын көрсетті.

4. Жас педагогтердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру есебінен зейнеткерлік жастағы педагогтердің үлесі төмендеуде.


Мектеп әкімшілігі жас кадрларды тарту бойынша жұмыс жасайды, сондай-ақ жас педагогтерге педагогикалық кәсіби тәжірибесімен бөлісуге білікті де білімді ұстаздарды тартады.

Осылайша, жұмыс істейтін мұғалімдердің жас құрамын мекеменің жұмыс істеуі мен дамуы үшін нәтижелі деп санауға болады.

Білім деңгейі бойынша:

Педагог қызметкерлер	2021-2022	2022-2023	2023-2024	Динамика
Жоғары	28 (90%)	28 (90%)	29 (94%)	-1
Орта арнаулы білім	3 (10%)	3 (10%)	2 (6%)	-1
Магистрлар	1(3%)	1 (3%)	1 (3%)	

Педагогтердің білім деңгейі



Қорытынды:

1. 2021-2022 оқу жылымен салыстырғанда жоғары білімі бар педагогтердің өсу үдерісі сақталуда. 2024 жылы екі ұстаз жоғары білім дипломдарын алуы жоспарлануда.

Оқу –әдістемелік жұмыс Әдістемелік қызмет жұмысының басым бағыттары Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру (әр түрлі деңгейдегі біліктілікті арттыру курстары)

Мақсаты: бекітілген жоспарға сәйкес қайта даярлау курстарын өткізуді қамтамасыз ету.

Міндеттері

1.Мектептің әдістемелік жұмысында педагог кадрлардың үздіксіз кәсіби біліктілігін қамтамасыз ету.


2.Мектеп мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін,педагогикалық мәселелерін диагностикалау.

Жаңа мемлекеттік стандарттарға көшу жағдайында біздің мектеп оқытудың инновациялық тәсілдерін белсенді түрде енгізуде. Орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде 100% курстық қайта даярлаудан уақытылы өтуде.

Мұғалімдердің кәсіби деңгейін арттыру мақсатында мектепте педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Курс атауы	2021	2022	2023	2024	Жалпы
Пәндік құзыреттіліктер	8	12	3	11	34
Инновациялық менеджмент (әкімшілік)		1		2	3
Басқа курстар	2	1	3		6
Пәндерді оқытуда цифрлық ресурстарды пайдалану			5		5
Барлығы	10	14	11	12	48

Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру



Қорытынды


1. Перспективалық жоспар кестесі бойынша курстық жұмыс жоспарының орындалуы 100%
2. Курстарда алған теориялық білімдерін оқу үдерісінде белсенді түрде пайдаланады, семинарлар мен конференциялар кезінде, әдістемелік бірлестік отырыстарында тәжірбиелерімен бөліседі.
3. 2024 жылы курстарға өтінімдер дайындалды.

Мұғалімдердің кәсіби деңгейінің динамикасын талдау

Педагогтардың біліктілік санаттары

Педагогикалық кадрлар	2021-2022	2022-2023	2023-2024	динамика
Жоғары категория	4	4	1	-3
Бірінші категория	3	2	0	-2
Екінші категория	5	3	0	-3
Педагог-шебер	0	0	0	0
Педагог-зерттеуші	6	5	5	
Педагог-сарапшы	1	1	1	
Педагог-модер	7	8	11	+3
Санаты жоқ	5	8	13	+5
Барлығы	31	31	31	

Мұғалімдердің кәсіби деңгейінің динамикасының талдауы



Қорытынды

1. Мониторинг мектептің 1-11 сыныптарында жұмыс істейтін пән мұғалімдерінің жалпы санының 55 % –ы біліктілігі жоғары деңгейдегі мұғалімдер болып табылатынын көрсетеді (жоғары, бірінші санаттағы, біліктілігі педагог-зерттеуші, педагог сарапшы).
2. Жаңа форматта аттестаттаудан өту кезінде сапалық көрсеткіштердің өсуі байқалады «педагог-сарапшы», «педагог –зерттеуші», «педагог-шебер» санатын алған педагогтердің оң динамикасы- 43%.

Әдістемелік бірлестіктердің қызметін ұйымдастыру

Әдістемелік бірлестік жұмысы мұғалімнің кәсіби құзреттілігі мен педагогикалық шеберлігін арттыруға ,оның шығармашылық әлеуметін дамытуға,білім беру процесін жетілдіруге және білім берудің,оқушылардың тәрбиесі мен дамуының оңтайлы деңгейіне қол жеткізуге бағытталған.


I. Кәсіби педагогикалық қызметінің нәтижелері

Деңгей	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Инновациялық педагогикалық тәжірбиені талдап қорыту			
Республика		1	1
Облыс		4	1
Аудан	2	2	2
Бағдарламалар және авторлық әзірлемелер			
Облыс		3	
Аудан	14	8	9
Педагогтің кәсіби, шығармашылық конкурстарға, конференцияларға қатысуы			
Облыс	5	1	0
Аудан	2	2	1
БАҚ басылымдар			
Облыс	2	2	3
Аудан	2	2	3
Әдістемелік семинарлар			
Аудан	2	2	2
Облыс	1	7	2

Әдістемелік бірлестіктердің әдістемелік белсенділігінің мониторингісі

2023-2024 оқу жылы

Әдістемелік бірлестіктер	Жетістіктер саны
Бастауыш сыныптар	30
Жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер	12
Қоғамдық –гуманитарлық бағытындағы пәндер	20
Музыка,технология және дене шынықтыру	50



Озық педагогикалық тәжірбиені зерделеу, жинақтау және тарату бойынша әдістемелік қызмет жұмысының тиімділігі

№	Педагогтардың ТАӘ,мамандығы	Оқу жылы	Тәжірбиелерінің тақырыбы	Деңгей
1	Алашбаева Г.Б.	2021-2022	«Тарих пәнін сын тұрғысынан ойлау арқылы қабілеттілігін арттыру»	аудан
2	Артықбаев Д.К.	2022-2023	«Зерттеу жұмысын жүргізуде құндылыққа бағытталған тәсілдерді қолдану»	аудан
3	Артықбаев Д.К.	2021-2022	«Мемлекеттік білім беру стандартының жаңартылған мазмұнын іске асырудың шарты ретінде мұғалімдер мен оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту»	аудан
4	Тулеутемирова А.А.	2022-2023	Бастауыш сыныпта білім беру платформалары арқылы төңкерілген сынып әдісін тиімді қолдану	облыс
5	Тулеутемирова А.А.	2023-2024	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында белсенді оқыту әдістерін қолданудың тиімділігі	аудан
6	Тулеутемирова А.А.	2023-2024	Тәрбие беру процесіндегі сынып жетекшінің рөлі	республика
7	Жумадилова М.Р.	2022-2023	«Жетекші мектеп инновациялық трансформациялаудың көшбасшысы ретінде»	облыс
8	Жумадилова М.Р.	2022-2023	«Ағылшын тілі сабақтарында АКТ қолдану тиімділігі»	облыс
9	Танирбергенова А.М.	2022-2023	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында белсенді оқыту әдістерін қолданудың тиімділігі	аудан
10	Сегизаева Т.Ж.	2022-2023	«Жетекші мектеп инновациялық трансформациялаудың көшбасшысы ретінде»	облыс
11	Сегизаева Т.Ж.	2022-2023	«Пәндік құзыреттілік – мұғалімнің кәсібилігін	республика

			нақытайтын фактор»	
12	Алашбаева Г.Б.	2023-2024	«Тарих, құқық негіздері сабақтарында оқу сауаттылығын дамыту арқылы білім сапасын арттыру»	аудан

Қортынды

Байқалады :

- Педагогикалық қызметкерлердің кәсіби нәтижелілігінің оң динамикасы
- қалалық, облыстық деңгейлерде педагогтердің инновациялық педагогикалық тәжірбиесін зерделеу, жинақтау, тарату бойынша мектеп әкімшілігі жұмысының тиімділігі
- педагогтердің облыстық, республикалық, халықаралық семинарлар мен конференцияларға белсенді қатысуы, түрлі деңгейдегі жұмыс тәжірбиесін таратуы
- Облыстық, республикалық, халықаралық басылымдарда мақалалар жариялау арқылы педагогтардың жұмыс тәжірбиесінің таралуының оң динамикасы

Жас мамандарды әдістемелік сүйемелдеу

3 жыл ішіндегі жас мамандардың құрамы			
Оқу жылы	2021-2022	2022-2023	2023-2024
келген жас мамандардың саны	2	2	4

	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Жапарова Асемгуль Сембаевна		«Жаңашыл ұстаз» сайысы, аудан, қатысушы сертификат	«Менің педагогикалық инновациям» сайысы, аудан, қатысушы сертификат
Толеуова Шнар Султановна	«Қашықтық оқыту үдерісінде жазылым жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесі» облыстық семинарға қатысушысы.	«Музейді білім берудің тәрбиелік компоненттеріне біріктіру» облыстық семинар қатысушысы.	«Аққу» қыздар клубының «Қыз аруы-2023» байқауында белсенділік танытқаны үшін алғыс хат, аудан

2023-2024 оқу жылындағы жас мамандар мектебінің жылдық жұмыс жоспары

№	Тақырыбы	Мерзімі	Түрі	Жауапты
1	Жас мамандар мектебінің жұмыс жоспарын бекіту	тамыз	жоспар бекіту	Жумадилова М.Р.
2	Жас мамандарға тәлімгерлерді тағайындау. Жас мамандарға қатысты нормативтік-құқықтық құжаттармен жұмыс	тамыз	құжаттармен жұмыс	Тәлімгерлер
3	Мектептің құжаттарымен таныстыру: -ішкі тәртіп ережесі; -еңбек тәртібі міндеттері; -лауазымдық міндеттері; - жеке келісім шарттары; - пән және сынып жетекші міндетімен таныстыру	қыркүйек	практикум	Жумадилова М.Р. тәлімгерлер
4	Мектеп құжаттарын жүргізу практикумы; Сынып журналдарын жүргізу ережесі ("Күнделік") Дәптерлерді және күнделіктерді тексеру талаптары	қыркүйек	практикум	Жумадилова М.Р. тәлімгерлер
5	Нормативтік-құқықтық және оқу бағдарламалық құжаттармен таныстыру	қазан	құжаттармен жұмыс	Жумадилова М.Р. тәлімгерлер
6	"Сабақ түрлері және оған өзіндік талдау үлгілері"	қазан	практикум	Тәлімгерлер Жас мамандар
7	Жас мамандардың күнделікті сабақ жоспарларын қадағалау	үнемі	сабаққа қатысу	Тәлімгерлер
8	Мұғалім портфолиосы. Портфолио мазмұны. Портфолио презентациясы	қараша	семинар	Жумадилова М.Р. тәлімгерлер
9	Жас маманның әдістемелік папкасын жабдықтауға көмектесу	желтоқсан	портфолио жасақтау	Әдістемелік бірлестік жетекшілері Тәлімгерлер
10	"Талантты мұғалім-дарынды оқушыға" жас мамандар олимпиадасының мектепішілік кезеңін өткізу	желтоқсан	олимпиада	Жумадилова М.Р. тәлімгерлер жас мамандар
11	Жас мамандарды психологиялық қолдау	қаңтар	тренинг сауалнамалар	Психологтар

12	"Шебер сынып" дөңгелек үстелдер,практикум,семинарлар,іс керлік ойындар ұйымдастыру	ақпан	тәжірибе алмасу	Тәлімгерлер
13	"Үйренерім көп менің" өзге мектептермен тәжірибе алмасу	үнемі	тәжірибе алмасу	Жас мамандар
14	"Үздік жас маман-2023" байқауын өткізу	наурыз	байқау	Жумадилова М.Р.
15	"Мен жас маман ретінде қалыптасуымда қандай проблемаларға кезіктім және оны қалай шештім"	сәуір	дөңгелек үстел	Тәлімгерлер Жас мамандар
16	"Мен не үйрендім"жас мамандардың жыл бойы жүргізілген жұмыстары бойынша есебі	мамыр	жас мамандар есебі	Жас мамандар
17	Жас мамандар мектебінің жұмысын қорытындылау.2023-2024 оқу жылының жоспарын жасау	маусым	тәлімгерлер есебі	Жумадилова М.Р. тәлімгерлер

Қорытынды

Оқыту және сыныптан тыс процесінде оқушыларды көшелер мен жолдарда өздерін саналы ұстауға, жол қауіпсіздік ережелерін мүлтіксіз орындауға, тәрбелеуге ықпал жасайтын қысқаметражды кино фильмдер, бейнефильмдер, диафильмдер, диапозитивтер көрсетіледі. КТҚ-лар, викториналар, жүргіншілер мен велосипедшілер қозғалысы қауіпсіздігі жөнінен жарыстар ұйымдастырылады. Әрбір сабақтан соң бақылау сұрақтары, тапсырмалар, сауалнамалар көмегімен оқушының ЖҚЕ қалай меңгергендігін анықталады.

Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша мектептің жұмыс жүйесі



- ✓ Қазақстан Республикасының Заңын және өз құқықтарын жете біліп, қорғай білетін тұлға тәрбиелеу;
- ✓ Мектеп оқушыларының сабаққа қатысуын толық қамтамасыз ету; Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу;
- ✓ Кәзіргі заман талабына сай парасатты, Отанын, елін, тілін сүйетін жеке тұлға тәрбиелеу;
- ✓ Құқықтық негіздерінен алған білімді іс жүзінде қолдана білуге үйрету;

Міндеті

Кәмелетке толмағандардың қараусыз қалмауын, құқық бұзушылықтарын болдырмау, ата-ананың бала тәрбиесіндегі жұмыстары жөніндегі мәселелерді шешу. Заң қызметкерлері мен қоғамдық ұйымдарымен бірлесіп жұмыс атқаруын үйлестіру, кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылық туралы мәселелерін қарау және қоғамдық тәртіпті қорғау мекемелері мен арнайы тәрбиелеу мекемелері арқылы әдістемелік жұмыс жүргізу.

- ✓ Кәмелетке толмағандар мен жастар арасындағы маскүнемдік, нашақорлық, жыныстық жүгенсіздік, зорлық-зомбылықтың етек алуымен күресу;
- ✓ Құқық тәртібін бұзған, сондай-ақ оқу тәртібін бұзуға, маскүнемдікке, бұзақылыққа және адамгершілікке қайшы өзге әрекеттерді жасауға бейім адамдардың есебін алып, олармен жеке тәрбие жұмысын жүргізу;
- ✓ Заңдылық пен құқықтық тәртіп жағдайын талдау, қорытындылау мен зерттеудің негізінде тиісті органдарға заң бұзушылықтың себептері мен оның болуына көмектесетін жағдайларды жою туралы ұсыныстар мен нұсқаулар беру;

- ✓ Құқықтық білім мен тәрбиені жан-жақты тереңдету;
- ✓ Құқықтық мәдениет пен адамгершілікті қалыптастыру.

Мектебімізде сыныптан тыс тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасының Кешенді тәрбие бағдарламасын негізге ала отырып құрылады.

Педагогикалық ұжымның стратегиялық мақсаты-өркениетті еліміздің жан -жақсы мәдениетті, алғыр, жасампаз қабілетті, азат еңбекке және шығармашылық тұлғаны тәрбиелеу. Осы шешу үшін мектепке қолайлы жағдай жасалынған материалдық-техникалық, оқу және педагогикалық базасымен толық қамтылан.

Мектебімізде құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу үшін тәрбие жұмысы үлкен роль атқарады.

Тәрбие сағаттарында өзіңе және басқа адамдарға адамгершілікпен қарау, мейірімділікке тәрбиелеу, құқықтың мәдениетті құру ең негізгі қызмет екендігі айтылады.

Мектепте азаматтылық-құқықтық тәрбие дұрыс жолға қойылған. Құқықтық сынып сағаттар, мемлекет рәміздерін құрметтеуге арналған іс-шаралар, өз елінің дәстүрі мен салтын құрметтеуге арналған танымдық іс-шаралар жиі өткізіліп тұрады.

Сонымен бірге басқа ел халықтарының салт-дәстүрлерін сыйлауға үйрететін тәрбие сағаттары жүргізіледі. Сабақ босату, мектеп тәртібін бұзу бойынша мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер жағынан нақты есеп жүргізіліп, педкеңесте қаралады.

Қазіргі уақытта оқушыларды тәрбиелеудің барлық қызмет түрлерінде олардың шығармашылық сәттері тұрғысынан қайта қарау қажеттілігі туындады. Оқушылардың еңбек, танымдық, көркем-эстетикалық, дене шынықтыру-сауықтыру, сыныптық-жалпылау жұмысына жаңа шығармашылық мазмұн енгізу.

Ата-аналармен жұмыстың әр түрлі формаларын түрлендіру қажет, оларды оқу-тәрбие үрдісіне қатысуға тарту керек. Осы маңызды сұрақтарды шешу жаңа оқу жылында тәрбие жұмысының басты бағыты болып саналады.

Есептің түрлі түрлерінде тұрған балалардың қолы бос болмаушылығына есеп жүргізіледі, бұл топтың оқушыларына педагогтар және ата-аналар қоғамдығы санынан қоғамдық тәрбиешілер бекітілген. Есепте тұрған оқушылардың мәліметтерінің банкі құрылған.


Осы оқушылар арасында рөлдік ойындар, құқықтық жалпы оқыту, диспуттар - бала құқығы проблемалары жөніндегі оқушылар мен жұмыстың стандарт емес түрлері, кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау түрлері, «Ен үздік құқық білуші» құқықтық конкурстар, бала құқығын қорғау бойынша дебаттар пайланылады, девиантты қылықты әр баламен жеке жұмыстар жүргізіледі.

Мектеп әкімшілігімен құқық бұзушылықтың себебін анықтау жөніндегі диагностика

Жылдар	Девиантты мінез-қылықты балалар саны	ЖІБ есебінде тұрған оқушылар саны	Жасалған қылмастар саны	Сотталғандар саны
2020-2021	0	0	0	0
2021-2022	0	0	0	0
2022-2023	0	0	0	0

2021-2022 оқу жылдарынан бастап құқық бұзушылық талданып, ЖІБ есебінде оқушы тіркелмеген, осыдан құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жүйелі жұмыс жүргізілетіні анықталды.

«Қиын балаға» педагогикалық әсер ету жүйесі



Жұмыстың түрі мен мазмұны

1	«Адам құқықтарының негізін оқып-үйренеміз» сынып сағаты	Оқушыларды адам құқықтарының жалпы Декларациясында атап көрсеткен ережелерімен таныстыру:
2	«Ертегілер еліне саяхат» ойын «Менің құқықтарымның бұзылуы» фестиваль	Оқушылар ертегі үзінділерінен көрініс көрсету арқылы ондағы кейіпкерлердің құқығы бұзылғаны немесе олардың іс-әрекетінің дұрыс бағаланғаны өз пікірлері мен бағаларын білдіреді. Соның нәтижесінде балалар ертегі шындық болмағанымен, қолданылатын мол сабақ бар екенін түсінуі қажет. Әр сынып оқушылары өмірден алынған жағдаяттардан көрініс көрсету арқылы Конституция баптарындағы адам құқықтарының бұзылуы күнделікті өмірде кездесіп жататыны туралы талқылайды.
3	«Өз құқықтарымыз бен ережелеріміз туралы жазайық» ұжымдық шығармашылық әрекет	Ұжымның ортақ шешімі бойынша сынып оқушыларының ұжымдық құқықтары мен ережелерін аңықтайды.
4	«Жеке бастың қауіпсіздік ережелері» сынып сағаты	Бірінші сынып оқушыларына күш қолданбайтын қарапайым қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Баланың өзіне төнген қауіпті жағдайларды бағдарлай білуге, өміріне қауіп төндіретін бейтаныс адамдармен кездескенде сауатты қимылдарға үйрету. «Бала үйде жалғыз қалғанда», «Бала және лифт», «Бейтаныс

		адамдармен арадағы қарым-қатынас» сияқты нақты жағдаяттарды талдау.
5	«Балалық теңтектік» әңгіме	Балалардың көпшілік ортада өздерін дұрыс ұстамауы, жаман әдетке бейімделігі: телефон арқылы жасалатын бұзақылықтары, қоғамдық мүлікті бұлдіруі, үлкендерді балағаттауы, түрлі қауіпті жарылғыш заттармен ойнауы сияқты балалық бұзақылық әрекеттерінің құқық қорғау органдары қызметкерлерімен жағымсыз қарым-қатынасқа әкеп соғатынын түсіндіру.

Т Өскелең жас ұрпақты қоғамның заңдары мен нормаларын бұлжытпай орындау және Ата Заңымызды сыйлау рухына тәрбиелеу, жасөспірімдер арасында тәртіп бұзушылық пен құқық бұзушылық алдын алу мақсатында мектепте құқықтық жалпы оқыту және құқықтық кеңес жұмыс жасайды. Кеңесте тәртіп бұзуға бейім оқушылармен жұмыстың барысы, олардың тәртібі ай сайын қаралып, талқыланып отырады.

Тәртіп бұзуға бейім оқушылардың үйлеріне рейд жүргізіліп, әлеуметтік тексеру актілері жасалынады. Апта сайын жасұландықтар тәртіп бұзуға бейім оқушылар мен де әңгіме жүргізіліп, оқушылар мен өткізілген жиналыста әр сыныптың оқу секторлары мен сынып старосталары өз сыныптарының үлгерімі және тәртіптері бойынша есеп беріп отырады. Бұл жұмыстың мақсаты: Оқушыларға құқықтық дұрыс көзқарас қалыптастыру, заңға бағынатын азаматтар тәрбиелеу болатын.

Сабақтан тыс уақытта тәртіп бұзуға бейім оқушылардың барлығы үйірмелерге тартылды. Мектепшілік есепке алынатын оқушылармен мектеп психологі, мектеп инспекторы, сынып жетекшілер, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар күнделікті жұмыс жүргізеді.


Мектептегі тәрбие жұмысының жүйесі

Отбасының жұмысы:

Отбасының тәрбиесінің проблемалары анықталады. Жұмыстың белгілі бір бағыттарын дамыту үшін ата-аналар мен оқушылардың сауалнамаларына сәйкес идеалды түрде отбасының әлеуметтік-психологиялық портреті құрастырылды. Отбасы міндетіне тәрбиелік жұмыс, рухани байланыс, психологиялық жұмыс, шаруашылық-тұрмыстық қатынас жатады.

Отбасындағы тәрбиені жүзеге асыру

1	Ана	75%
2	Ұстаз-ана	95%
3	Әже	35%
4	Ер азаматтар	30%



Қоғам дамуының бұл кезеңінде бала тәрбиесін негізінен аналар жүргізеді.

Тәрбиеде әкенің рөлі минималды болғандықтан, ұлдарды жартылай рөлдік сәйкестендіру мәселесі, олардағы еркектік тұлғалық қасиеттерді тәрбиелеу мәселесі өзекті болып қала береді.

2023-2024 оқу жылынан бастап орта білім беру ұйымдарындағы балаларды тәрбиелеу мен дамыту жөніндегі ата-аналарға педагогикалық қолдау бойынша «Даналық мектеп» ата-аналар клубы жұмысын бастады.

Осы Орта білім беру ұйымдарындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды немесе заңды өкілдерді (бұдан әрі – ата-аналар) педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – әдістемелік ұсынымдар) балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту мақсатында әзірленді.

1. Ата-аналарды педагогикалық қолдаудың міндеттері:

1) балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуда ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды ұйымдастыру;

2) балаларды тәрбиелеу мен дамытуда орта білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайту;

3) балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналардың жауапкершілігін арттыру.

4) Ата-аналарды педагогикалық қолдау үшін қосымша басқа да іс-шаралар ұсынылады: «Даналық мектебі» клубы, ата-аналар оқулары, конференциялар, ашық есік күндері, ата-аналар апталығы, ата-аналар мен балалардың қатысуымен мәдени іс-шаралар, мысалы, концерттер, театр қойылымдары, марафондар, жәрмеңкелер, көрмелер, жорықтар, экскурсиялар және басқа да іс-шаралар мен акциялар.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасы бойынша тақырыптары 1-4 сынып оқушыларына, 5-9 сынып оқушыларына, 9-11 сынып оқушыларына жеке құрылған.

Балалардың бос уақытың ұйымдастыруға қатысу дәрежесі

Балалардың бос уақытын қамту	Оқушылар саны
Үнемі	50%
Кейде	10%
Қатыспайды	12%
Теледидар қарау, телефонда отыру	95%
Хобби	26%
Кітап оқу	20%





Диаграмма қорытындысынан ересектердің қолжетімді бірлескен және пайдалы демалысты немесе кез-келген әрекетті ұйымдастыруға қабілетсіздігі мен келмеуі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайы

Жылдар Дәреже	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Мектептегі оқушы саны	119	114	129
Аз қамтамасыздандырылғандар	27	13	2
Көп балалы отбасы	46	54	60
Тубвираж	6	6	4
Ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар	1	1	0
Жетім балалар	0	0	0
Толық емес отбасылар	10	7	6



Ыстық тамақты ұйымдастыру

Биылғы оқу жылының басында мектеп асханасынан 1-4 сынып 40 оқушы, жалпы оқу қорынан 3 бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Оқушылардың бір күндік ас мәзірі бағасы: 1 балаға - 450 тенге.

Мектептің тәуелсіз бақылау комитеті асхана жұмысының жағдайын тексеріп, ондағы бір күндік ас мәзірі бойынша берілген тамақтың құрамын, мөлшерін тексеріп, тексерген кезде анықталған кемшіліктерге ескерту айтылып, анықтама берілді.

Асхана жұмыскерлерінің медициналық тексерістен өткен медициналық кітапшалары бар. Асханада тамақтандыруды тіркейтін, тазалықты, бракеражды, апталық ас мәзірін, тезбұзылатын тағамдарды тіркейтін журналдарға уақытында тіркеліп, қадағалап отырады. Күнделікті тоңазытқыштың температурасын термометр арқылы өлшеніп, журналға тіркеледі.

Тамақтың жарамдылығын анықтайтын «Сертификат» қағаздары медбикеді тіркелген. Барлық беріліп жатқан тамақтардың жарамдылық мерзімі нормаға сай. Тамақ сақтайтын қоймада ұннан жасалған, дәмді-дақылды, жарма тағамдары ҚР Үкіметінің бекіткен қаулысы негізінде бекітілген 06 шілде 2020 жылғы №20935 бұйрық бойынша санитарлық тазалық сақтау ережесіне сай сақталған.

Жаппай оқу қорынан ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, азқамтамасыз етілген және көпбалалы отбасының балаларына қаражаттың бөлінуі

Жаппай оқу қорынан көмек алған оқушылар саны

Жылы	Жалпы бала саны	Оның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, жетім	Аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан бала саны	Көпбалалы отбасынан шыққан бала саны	Тамақтанғаны	Ата-аналар есебінен тамақтанған оқушылар
2021-2022	119	1	15	13	119	40
2022-2023	114	1	4	8	114	59
2023-2024	129	0	2	0	129	83

2022-2023 оқу жылының басында мектебімізде оқушы, 2021-2022 оқу жылымен салыстырғанда оқушылар саны азайды.

Оқушылардың әлеуметтік жағдайы, ыстық тамақпен қамтылуы талапқа сай жүргізіледі және құжаттарының жинақталғаны анықталды.

Аз қамтамасыз етілген отбасының балаларын қажетті киім, аяқ киім алуға жаппай оқыту қорынан қаражат берілді және де оқу құралдарымен және сауықтыру лагерлеріне ата-аналардың өтініші бойынша уақытында қамтамасыз етілген.

Оқумен қамтылған балаларды анықтау, аз қамтылған және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға, жетім, сондай-ақ оқу жылының басына дайындық уақыты кезінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша мектепке балалардың келмей қалуының алдын алу мақсатында Республикалық «Мектепке жол» акциясы әр жылдың 1 тамызы мен 30 қыркүйек аралығында жүргізіледі.

Акцияға біздің мектебіміз де өз үлесін қосып, акцияның іс-шаралар жоспары жасалды.

Мемлекеттік жалпы білім беретін мектептер жанындағы жалпыға бірдей міндетті білім беру қоры, күнкөрісі төмен отбасынан шыққан аса мұқтаж 1-11 сынып оқушыларын әлеуметтік қолдау мақсатында құрылған.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 4 бабы 21 тармақшасын жүзеге асыру мақсатымен Қазақстан Республикасының Үкіметі 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысына қосымша 2012 жылдың 22 ақпанындағы №225 бұйрығында «Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күн көрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау ережесін» бекітті.

Мектеп ішіндегі бұйрықпен бекітілген жауапты тұлға ата-аналардың немесе олардың орнындағы тұлғалардың өтініштері негізінде қаржылық және материалдық көмек көрсетуге мұқтаж балалардың тізімі жасалып, сондай-ақ көмек көрсету түрлері атап көрсетілді. 2021-2024 жылдар аралығында аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан оқушыларға материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражаттың көлемінің теңгеге өскендігі байқалады.

Қорытынды: 2021-2022 оқу жылынынан салыстырғанда мектебімізде оқушы 2023-2024 оқу жылында оқушы саны көбейді. Оқушылар қозғалысы, оқушылардың сабаққа қатысуы, оқушылардың әлеуметтік жағдайы, ыстық тамақпен қамтылуы талапқа сай жүргізіледі және құжаттарының жинақталғаны анықталған.

Аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасының балаларын, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды қажетті киім, аяқ киім, оқу құралдарымен және сауықтыру лагеріне ата-аналардың өтініші бойынша уақытында қамтамасыз етіледі.

Психологиялық қызмет

р/с	Аты-жөні	білімі	жұмыс өтілі	категориясы	біліктілік курстан өтуі
1	Увахитова Гульжамал Муратовна	жоғары	41 жыл	педагог-модератор Берілген күні:25.08.2022 жыл.	1 «Заманауи жағдайда білім алушылардың кәсіптік бағдарлауын жүргізу үшін педагогтардың құзыреттіліктерін дамыту» 14.10.2022 жыл Тіркеу нөмері №0601205 2. «Жаһандық құзыреттілік» 28.10.2022 жыл. Тіркеу нөмері № 0599481 3. «Білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықтың алдын алу» 06.05.2023 жыл Тіркеу нөмері 1678 № 0018680

2021-2024 оқу жылдарына психологиялық қызметтің атқарған жұмысы жөніндегі есебі

Мақсаты:

Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің психологиялық денсаулығын сақтау, орта білім беру ұйымдарында қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал жасау және білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Міндеті:

- 1) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке және зияткерлік дамуына жәрдемдесу, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- 2) білім алушыларға, тәрбиеленушілерге, олардың тез дамып келе жатқан ақпараттық қоғам жағдайында табысты әлеуметтенуіне психологиялық көмек көрсету;
- 3) әрбір білім алушыға, тәрбиеленушіге оның жеке басын психологиялық- педагогикалық зерттеу негізінде жеке көзқарас қалыптастыруға ықпал ету;
- 4) психологиялық диагностика жүргізу және білім алушылардың, тәрбиеленушілердің шығармашылық әлеуетін дамыту;
- 5) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің психологиялық қиындықтары мен проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- 6) психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмысының оңтайлы әдістерін таңдауда ата-аналарға (заңды өкілдерге) және педагогтерге консультациялық көмек көрсету;
- 7) Білім беру процесіне қатысушылардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру.

Бағыттар:

1. Диагностика
2. Кеңес беру бағыты.
3. Ағарту жұмыстары және алдын алу.
4. Түзету-дамыту жұмыстары.
5. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстар.
6. Аналитикалық есептер


Психологиялық көмек балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып беріледі.

Диагностикалық бағыт.

Осы бағыттағы жұмыс орта және жоғары буындағы оқушылардың интеллектуалдық деңгейін, мектепке бару кезінде оқуға даярлық көрсеткіштерімен танысу, салауатты өмір салтын дұрыс қалыптастыру үшін эмоциялық жағдайын анықтаудан тұрады. Алғаш мектеп табалдырығын аттау, бастауыш буыннан орта буынға, орта буыннан жоғары сыныпқа өту, бала өміріндегі ерекше кезең - бейімделу кезеңдерінде балаларға психологиялық қолдау көрсетіп жеңілбейімделулеріне жағдай жасау

Сонымен қатар 1- сыныптарда диагностиканың келесі түрлері өткізіліп отырды: «Керн – Иерасек» (Көшіріп жаз», «Нүктелер топтамасы», «Ер адамның суреті) әдістемесі. (1 суретте көрсетілген)

Деңгей	2021-2022 жылы оқу	2022-2023 жылы оқу	2023-2024 жылы оқу
Жоғары	8	6	7
Орташа	4	2	5
Төмен	0	0	0



(1 сурет)

Оқу мотивациясын зерттеуде мектепке дайындығын анықтау,

В.Г. Щур бойынша «Баспалдақ», Лескова А.А бойынша «Менің сыныбым» әдістемелері жүргізілді.

Бастауыш буындағы 2 - сыныпты интеллектуалдық бағытта тексеру үшін: Замбицявичене Э.Ф. сөздік-логикалық ойлау қабілетін анықтау, танымдым деңгейлерін дамытатын әдістемелер қолданылды. Осы әдістеме арқылы сөздік қор, интеллектуалды жалпылау операциясы, абстрактау, жалпы белгілер мен құбылыстарды анықтау, логика т.б. қалыптастыруда баланың даму деңгейін анықтауда септігін тигізеді.

3-4 сыныптары арасында интеллектуалдық деңгейді анықтау әдістемелері өткізілді Бастауыш буындағы оқушылардың эмоциялық жағдайын тексеру үшін қобалжу және агрессиялық диагностика жағынан қаралды.

5 - сынып оқушыларының орта буынға бейімделулерін зерттеу жұмысында Н.Г. Лускановтың оқу мотивациясын анықтауға арналған сауалнамасы, « Менің сыныбым» әдістемесі және Филиппс әдістемесі бойынша мазасыздық деңгейін анықтау сауалнамасы, «Агрессия белгілері» Басс-Дарк әдістемесі бойынша, «Социометрия» Д. Морено әдістемесі

бойынша оқушылардың өзара қарым-қатынас деңгейін анықтайтын әдістемелері жүргізілді.

6-8 – сынып оқушыларынан «Өзін-өзі бағалауын қандай/» Г.Н. Казанцеваның әдістемесі бойынша, агрессия деңгейлерін анықтау Басса- Дарки әдістемесі бойынша, мазасыздану деңгейлері Филиппс әдістемесі бойынша, оқушылардың психикалық күйін анықтау үшін «Айзенк тестісі» алынды.

9-11сыныптар бойынша диагностикалық жұмыстар: оқушылардың өмірге деген көзқарасын анықтау жеке тұлғаның қандай мамандыққа бейімділігін анықтау. Л.А.Йовайши әдістемесі бойынша сауалнама жүргізілді. Оқушылардың қобалжу деңгейін анықтауда Кондаш бойынша сауалнама,

«Сенің кәсіби ой-ниетің» сауалнама, агрессия Басса-Дарки бойынша сауалнама, «Өзін-өзі бағалауын қандай?» Казанцева Г.Н, стресске төзімділік диагностикасы Л.П. Паноморенко, Р.В, Белоусова бойынша әдістемелер және А.Е.Галамштоктың «Қызығушылық картасы». Е.А. Климовтың , Д. Голландтың тұлғаның типтерін анықтау тестісі және Е. Климовтың «Мен қаладым» саралаушы-диагностикалық сұрақнамасы алынды. Осы нәтижелермен сынып


жетекшілер, сондай-ақ кейбір ата-аналар мен оқушылар таныстырылды. Оқушыларды, ата-аналарды және сынып жетекшілерін диагностика нәтижелерімен таныстыру кезінде, түзету жәнедамыту, қабілеттердің қандай да бір түрлеріне нақты ұсыныстар берілді.

Сонымен қатар емтиханға дайындыққа өзін-өзі ұйымдастыру, білім деңгейлерін бағалауы, көңіл-күйін, эмоциялық жағдайын анықтау мақсатында сауалнама өткізілді.

Диагностика нәтижелері № 1,2,3 кестеде көрсетілген:


1- кесте. 2021-2024 оқу жылдарына 5-11 сынып оқушыларының агрессия Басса-Дарки әдістемесі бойынша деңгей мониторингі

Оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
Деңгей			
Жоғары	0	0	0
Орта	12	10	13
Төмен	50	61	70
Барлығы:	62	71	83




2 - кесте. 2021-2024 оқу жылына 5-11 сынып оқушыларының «Өзін-өзі бағалауын қандай?» Казанцева Г.Н әдістемесі бойынша деңгей мониторингі

Оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
Деңгей			
Жоғары	3	2	1
Орта	12	10	13
Төмен	47	59	69
Барлығы:	62	71	83



3 - кесте. 2021-2024 оқу жылына 5-11 сынып оқушыларының «Социометрия» әдістемесі бойынша деңгей мониторингі

Оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
Деңгей			
Жетекші	4	6	9
Көпке ұнайтындар	45	48	52
Топ құрамына кіретіндер	13	17	22
Жекеленген	0	0	0
Барлығы:	62	71	83



Осы нәтижелермен сынып жетекшілер, сондай-ақ кейбір ата-аналар мен оқушылар таныстырылды. Оқушыларды, ата-аналарды және сынып жетекшілерін диагностика нәтижелерімен таныстыру кезінде, түзету және дамыту, қабілеттердің қандай да бір түрлеріне нақты ұсыныстар берілді.

Кеңес беру және ағарту жұмыстары және алдын- алу бағыттары
Ата-аналармен жұмыс формалары мен әдістері қолданылады:

- консультациялық жұмыс\жеке, топтық\;
- диагностика қорытындылары, сұраныстар бойынша кеңес беру;
- ата-аналар жиналыстарында тақырыптық баяндамалар \сұраныс және жоспар бойынша\;
- бірлескен ұсыныстар беру;
- мектептегі қиындықтарды бастан кешіру кезінде отбасыларға консультациялық көмек беру \бала тәрбиесіндегі ата-аналық стратегияны таңдау мәселелерінде тәрбие стратегиялары мен түзетуші оқыту әдістерін таңдау\.

Отбасымен жұмыстың негізгі кезеңдері
кезең- дайындық кезеңі

- баланы, отбасыны диагностикалық қолдау;
- отбасы мүшелерімен байланыс орнату;
- білім беру моделін анықтау, отбасының әлеуметтік-психологиялыққартасын анықтау.


2 кезең- практикалық кезеңі

- ата-аналарға қажеті әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету;
- ағартушылық жұмыс өткізу, кеңес беру;
- бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру;
- ұсыныстар беру.

3 кезең-қорытынды кезеңі

- процестің тиімділігін және қолдау нәтижелерін талдау.

Оқу жылы	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Жеке ата-аналар консультацияларының саны	25	23	18
Топтық ата-аналар консультацияларының саны	15	12	8
Қабылданған ата-аналар саны	40	35	26



Ата-аналармен жеке консультациялар санының азаюы сынып жетекшілер, әлеуметтік педагог және психологтардың арасындағы ынтымақтастық сапасының жоғарылауымен байланысты және 2023-2024 оқу жылында білім беру ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы қызметін ұйымдастыру нәтижесінде деп есептейміз.

Мұғалімдерге, сынып жетекшілерге төмендегі бағыттар бойынша кеңес берілді:

- оқушылардың бейімделуі;
- психологиялық даярлығы;
- жалпы қабілеті;
- жалпы дүниетанымы;
- оқушылар арасындағы қарым-қатынас мәселелері (ұл мен ұл, қызбен қыздар арасындағы түсініспеушілік, конфликттік жағдайлар);
- оқудағы қиындықтары;
- психикалық ерекшеліктері;
- дамытушылық бағыттағы жұмыстарды бірлесе жүргізуде;
- үлгермеуші оқушылармен жұмыс;

Осы бағытқа жаңадан келген оқушылармен, оқуда немесе өзара қарым- қатынас жасау барысында қамығып қысылатын, ауыр өмірлік жағдайда тап болған балалармен жеке сұхбаттасу жатады. Кеңес беру арнайы журналдарға тіркеліп, ерекше жағдайда хаттамалар толтырылып отырылады.

Мектепшілік бақылауда, тәуекел топтағы оқушылармен жеке жоспар құрылып, жоспар бойынша барлық жұмыстар жүргізулуде. Психологиялық кеңес үш бағытта жүргізілді: оқушы-ата-ана-педагогикалық ұжым.

Психологиялық түзету-дамыту бағыты.

Осы бағыттағы негізгі жұмыс жеке және топтық формалар арқылы жүргізіледі. Психологиялық түзету-дамыту бағыты аясында психологиялық диагностикалардың нәтижелері бойынша 1-11 сынып оқушыларымен жұмыс жүргізілді. 1,5,10-шы сынып оқушыларымен бейімдеулеріне байланысты психокоррекциялық сабақтар жүргізілді: «Танысу», «Біз тату балалармыз»,

«Бірі бәріміз үшін, бәрі біріміз үшін», «Менің мектебім», «Мектеп ережелері», «Біз 5-ші сыныпқа барамыз», «Алақай, мен 5-ші сыныпта оқимын!», «Дос іздеймін», «Біздің 5-ші сынып», «Мен және менің ортам»,

«Менің бейнем».

Деструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында бастауыш буын оқушыларымен \1-4 сыныптар\ «Жақсы көңіл-күй іздеу барысы»,

«Жанжалсыз өмір сүруді үйренеміз», «Шаршағаннан арылуды үйренеміз», орта буындарда \5-8 сыныптар\ «Пікірталас-ұрыс емес», «Ашу-ыза билегенде не істеу керек?», «Ата-анамен келіспеушілікті шешу жолдары», «Мен өзімді мақтай аламын», жоғары буындарда \9-11 сыныптар\ «Адам өміріндегі стресс», «Күйзелістен қалай құтылуға болады?», « Қиын жағдайлардан не үйренеміз?», «Толеранттылық деген не?» атты психологиялық сабақтар өтті.

Мазасыздық, қобалжу және агрессия деңгейінің төмендету мақсатында , арт- терапия, тренинг сабақтары өткізілді.

9,11-ші сынып оқушыларымен мемлекеттік емтихандарға, ҰБТ-ге дайындалу барысында мазасыздану деңгейлерін төмендету мақсатында тренингтер, психокоррекциялық сабақтар жүргізілді: «Біз стресске бой бермейміз!» «Жетістікке жету өз қолыңда», «Стресспен қалай күресуге болады?», «Сенімділік күш береді», «Эмоция және мінез-құлық».

«Қауіпті» топта тұрған оқушылармен жұмасына 1 рет құрылған жоспар бойынша \әр балаға жеке\ түзету-дамыту сабақтары өтеді: «Агрессивті мінез- құлықты түзету», «Мазасыз мінез-құлықты түзету» тақырыптарында.

Мектебімізде «Сенім жәшігі» екінші қабатта орналасқан. Ережесіне сай комиссия құрамымен бірге күнде ашылып, акт толтырылып отырылады.

Қорытынды:

Психологиялық-педагогикалық оқу процесін қолдау жүйелі түрде жүргізіледі. Жоспарланған іс-шаралар орындалып жатыр. Ата-аналардың көпшілігі жеке кеңестер беру барысында ұсыныстарға оң көзбен қарап, қиын өмірлік жағдайларды шешу барысында көмек пен кеңеске жүгінеді. Әрине, барлық ата-аналар бірдей емес, араларында мұғалімдердің нақты талаптарын және психологтардың ұсыныстарын елемейтін реакциялар кездеседі.

Оқушылардың құқық бұзушылықтарының себептері -объективті және субъективті:

- отбасының тәрбиелік рөлінің төмендеуі;
- жазамен қорқытпай, бұл дүниеде адам болып қала отырып, өмір сүруді үйрету маңызды, зиянды нәрселерге қарсы тұра білу;
- тәрбие беру тізбегіндегі талаптар бірлігі жеткіліксіз орнатылған: әкімшілік-сынып жетекші-психолог-ата-ана.

Бұл орайда мектеп не істей алады:


1. Тәрбие жұмысында құқық бұзушылықтың алдын-алу алғашқы кезеңінде тиімді алдын-алу шараларын қолдану.
2. Әр сынып жетекшіге балаларды адамгершілікке тәрбиелеуде ерекше көңіл бөлу.
3. Сабақтан тыс уақыттарын қамту\спорт, шығармашылық т.с.с\.

Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің психологиялық денсаулығын сақтау, орта білім беру ұйымдарында қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал жасау және білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету мақсаты орындалды деп есептейміз. Жалпы мектепте моральдық- психологиялық ахуал қалыпты деңгейде.


Сөйтіп келгенде, жұмыс жоспармен сәйкестікте жүргізілді. Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жетті.

Педагог – психологтардың консультацияларын есепке алу журналының жүргізілуі туралы
3 жылдық есебі


Оқу жылы	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Жеке ата-аналар консультацияларының саны	25	23	18
Топтық ата-аналар консультацияларының саны	15	12	8
Қабылданған ата-аналар саны	40	35	26



Оқу жылы	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Жеке педагогтар консультацияларының саны	8	11	13
Топтық педагогтар консультацияларының саны	4	6	8
Қабылданған педагогтар саны	12	17	21



Оқу жылы	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Жеке оқушылар консультацияларының саны	54	61	72
Топтық оқушылар консультацияларының саны	11	13	18
Қабылданған оқушылар саны	65	74	90



Кәсіптік қызығушылықтары бойынша көрсеткіштері

	Кәсіптік қызығушылығы	Жоғары	Орташа	Төмен
1	Техника	35%	46%	30%
2	Табиғат	32%	54%	31%
3	Өнер	34%	52%	23%
4	Ғылым	43%	44%	29%
5	Бизнес	36%	42%	25%
6	Белгі	42%	38%	24%
7	Қатынас	32%	35%	27%

9-11 сынып оқушыларының 43% кәсіптік қызығушылығының бағыттылығы бизнес саласы;

Ғылымға бағыттылығы 42%-ды құрайды;

Жоғары сынып оқушыларының кәсіби қызығушылықтарының төмен көрсеткіші бұл табиғат бағыты бойынша (ауылшаруашылық пен медицина салаларына деген қызығушылығымен төмен).

Оқушылардың заман талабына сай сән үлгісіндегі мамандықтарға қызығушылығы жоғары;

	Профильдік бағыттар	Жоғары	Орташа	Төмен
1	Инженерлік	30%	46%	30%
2	Лингвистикалық	32%	54%	31%
3	Физика-математикалық	34%	52%	23%
4	Жаратылыстану	43%	44%	29%
5	Шығармашылық	36%	42%	25%
6	Қоғамдық гуманитарлық	42%	38%	24%
7	Қаржы экономия	32%	35%	27%

Физика-математика бағыттылығын таңдаған;

Инженерлік бағытты;

Шығармашылық бағыттарға қызығушылығы;

Оқушылар жаратылыстану бағыттылығын таңдауы төмен. Бұл бағыттармен байланысты мамандықтарды да таңдауы.

Тәрбие үдерісі бойынша ұсыныс:

- ✓ Жас маман сынып жетекшілердің ата-аналарымен жұмыстарын жүйелі жолға қоюды жалғастыру;
- ✓ Оқушылардың салауатты өмір салтын ұстану мақсатында ұлттық спорттық ойын түрлерінен үйірмелер жұмысын жалғастыру;
- ✓ Сынып жетекшілердің әдістемелік жұмыстарын баспа беттеріне шығару жұмыстарын арттыру;
- ✓ Аналитикалық іскерліктерде сынып жетекшілердің алдарына мақсат қоя білу дағдысын арттыру;
- ✓ Сынып жетекшілердің тоқсандық, жылдық тәрбие жұмыстарының нәтижесіне өзіндік анализ жасау сапасын жалғастыру;
- ✓ Кез келген құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында, мамандыққа баулу ісін ұйымдастыруда кездесулерді жиі ұйымдастыру

Түлектердің оқуға және еңбекке орналасуы туралы

Мектепті бітіруші түлектердің жұмысқа орналасуы немесе оқуға түсуі үнемі қадағаланып отырады. Жыл сайын қыркүйек айының басында мектеп аяқтаған түлектерінің орналасқандығы жөнінде ақпарат жинақталып, талдау жасалынады. Мектеп бітірген түлектер 100% орналасады.

Олардың барлығы дерлік ЖОО-на мемлекеттік грантқа немесе ЖОО-ның ішкі гранттарына ие бола отырып оқуға түседі. Сондай-ақ шетелдік ЖОО-ға грантқа немесе ақылы түрде оқуға түскен түлектеріміз бар.

		2021-2022		2022-2023		2023-2024	
			%		%		%
1	Түлектер саны	7	100	2	100	9	100
2	Грант ЖОО	1	14	1	50		
3	ЖОО ақылы	5	72	1	50		
4	Обл әкім грант	0	0	0	0		
5	Қала әкімі	0	0	0	0		
6	Ректор грант	0	0	0	0		
7	Шет ел грант	1	14	0	0		
8	Колледж грант	0	0	0	0		
9	Колледжге ақылы	0	0	0	0		
10	Жұмысқа түскен	0	0	0	0		
11	Орналаспаған	0	0	0	0		
12	Мүгедек	0	0	0	0	0	0

9 сынып бітірген түлектеріміздің жартысының көбі колледждерге орналасса, қалғандары мектебіміздің 10 сыныптарына оқуын жалғастыруға қабылданады.

		2021-2022		2022-2023		2023-2024	
			%		%		%
1	Түлектер саны	11	100	11	100	8	100
2	Мектепке 10 сыныпқа	8	72	3	27		
3	Басқа мектепке	1	9	2	18		
4	Колледжге бюджет	2	18	6	54		
5	Колледжге ақылы	0	0	0	0		
6	ҚР шегінен тыс	0	0	0	0	0	0
7	Мүгедек	0	0	0	0	0	0

Жоғарғы сынып оқушыларының мамандықтарға қызығушылығын анықтауда кездескен мәселелер:

- ✓ Салыстырмалы сараптамадын оқушылардың өздерінің таңдап алған мамандықтардың өздеріне қоятын талаптарымен міндеттерін жақсы біледі;
- ✓ Мамандықтары туралы мағлұматтары жоғары;
- ✓ Мектебімізде кәсіби бағдар беру іс-шаралары өз деңгейінде жүргізілген

Оқушылардың қалалық, облыстық, республикалық оқу, байқауларының қорытынды нәтижесі.

Іс шаралар	2021-2022	2022-2023	2023-2024
«Абай оқулары» (Аудандық)	2 орын-1	3 орын-1	1 орын-1 2 орын-1
«Абай оқулары» (Облыстық)			
«М.Мақатаев оқулары» (Аудандық)	3 орын-1	3 орын-1	3 орын-1
«М.Мақатаев оқулары» (Облыстық)			
«М Жұмабаев оқулары» (Аудандық)	3 орын-1		
«М Жұмабаев оқулары» (Облыстық)			
Ақберен (Аудандық)	3 орын-1	1 орын-1	
Ақберен (облыстық)			Обл сертификат
Республикалық балалар оқулары (Аудандық)			3 орын-1

Жыл қорытындысы бойынша дәстүрлі түрде жалпы желілік конференция өтеді, онда мұғалімдер мен оқушылардың үздік ғылыми жұмыстары тыңдалады, жыл қорытындысы шығарылады.

Жыл сайын мектеп қабырғасында жоғары оқу орындарының оқытушыларын шақырумен Ғылым күні ұйымдастырылады, онда үздік оқушылар, мұғалімдер мен оқытушылар көтермеленеді, бұл оқушылар мен мұғалімдердің осындай деңгейдегі конкурстарға белсенді қатысуы үшін ынталандыру болып табылады.

❖ 2023-2024 оқу жылындағы педагогтердің ғылыми зерттеу қызметінің қорытындысы бойынша ғылыми конкурстарға дайындық сапасы артты деген қорытынды жасауға болады, дегенмен мұғалімдер конкурсқа аз жобалар қояды.

Ұсыныстар:

- ❖ Педагогтердің ғылыми-зерттеу қызметіне қатысу деңгейін арттыру, әрбір мұғалімге ғылыми жарыстарға қатысу үшін 2 оқушыдан дайындау;
- ❖ ПМУ, ИНЕУ, ПМПИ ғалымдарымен ынтымақтастықты жалғастыру;
- ❖ Педагогтардың ғылыми мақалалар жинағын шығаруды жалғастыру;
- ❖ Дарын ОҒҚ жұмысының қорытындысы бойынша балалардың қатысуы мен нәтижелігін талдап, келесі қорытындыға келеді.
- ❖ Балалардың зияткерлік сайыстарға, олимпиадаларға, жобаларға және дебаттарға оқуларға белсенді қатысуын жалғастыру.

- ❖ Ғылыми жобалар конкурсына қатысуға ниет білдірген оқушылар үшін оқу жылының басында ғылыми жобаларды жазу бойынша кеңес беру, сағаттарын өткізу.
- ❖ Республикалық деңгейде шешендік өнерді дамыту.
- ❖ Мұғалімдерге оқушыларды тек жобалар мен олимпиадаларға ғана емес, түрлі зияткерлік жарыстарға дайындауға жауапкершілікпен қарау.
- ❖ Олимпиадаға дайындық бойынша жұмысты күшейту, республикалық олимпиадаға қатысушылардың санын арттыру.

❖ Мұғалімдер 7,8 сынып оқушыларын іріктеп, жасөспірімдер олимпиадасы мен «Зерде» ғылыми жарыстарына қатысу үшін күшейтілген дайындықты жалғастыру.

Қазіргі уақытта әлемде төртінші технологиялық революция жүріп жатыр: ақпараттың қарқынды ағындары. Жоғарғы технологиялық инновациялар мен әзірлемелер біздің өміріміздің барлық салаларын өзгертеді. Қоғамның сұраныстары, жеке тұлғаның мүдделері де өзгеруде. Робототехника, құрастыру, бағдарламалау, модельдеу, 3D-жобалау және т.б. қазіргі заманғы оқушылардың қызығушылығы болып табылады. Бүгінгі таңда білу және білу ғана емес, сонымен қатар зерттеу және ойлап табу маңызды.

Оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруға барлық қажетті жағдайлар бар, оқытудың мемлекеттік стандарттары талаптарын жүзеге асыру бойынша қызметтер жүргізеді.

Оқу - тәрбие процесі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылым кеңесінің шешімі бойынша әдістемелік нұсқау хатымен ұсыным жасалған бағдарламалар, оқулықтар қолданылады.

Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, оның ішінде компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер

Оқу материалдық активтері мен оқу зертханалары

Мектептің оқу ғимараты 1966 жылы салынды, типтік ғимарат, жобалық қуаттылығы 90 орынға шақталған

Кітапханашы сынып жетекшілерімен және оқушылармен бірлесіп, жыл сайын кітап қорын сақтау және толықтыру бойынша тиісті шараларды қабылдайды:

*оқулықтарды тарату:

*борышкерлермен жұмыс

*басқа оқу орындарымен оқулықпен алмасу

*білім беру қорларының толықтығы туралы ата-аналарға ақпарат беру

*оқулықтардың сапалық жағдайын талдау

*қажеттілікке сәйкес оқу-әдістемелік әдебиеттерге тапсырыс беру

*қорды орналастырудың дұрыстығын тексеру

*оқулықтардың картотекасымен жұмыс

*жарамсыз оқулықтар мен әдебиеттерді іріктеу

Кітапханаға тіркелу кезінде оқулықтар мен кітаптарды мұқият тексерілетіні рейд арқылы байқалады.

2023-2024 оқу жылына мектеп кітапханасының жұмыс жоспары

Білім беру ұйымындағы кітапхана – мектептің білім беру саласындағы мәдени, ақпараттық, ағартушылық және тәрбие орталығы болуы керек.

Кітапхананың басты мақсаты	1. Кітаппен жұмыс үдерісінде балаларды азаматтық сезімге тәрбиелеу, рухани- шығармашылық қабілеттерін ашу 2. Оқушылардың оқу және оқу мәдениеті қолдау. 3. Оқушыларды оқуға тарту. 4. Кітапханаға жаңа оқырмандарды тарту.
Кітапхананың басты міндеттері:	1. Педагогтар мен оқушылардың өзіндік білімдерін шыңдау мен оқу-тәрбие үдерісінде ақпараттық-кұжаттық қолдауды қамтамасыз ету. 2. Оқушыларда ақпараттық мәдени және оқу мәдениетін қалыптастыру: 3. Оқуға деген уәждеме мен кітапқа деген құрметке тәрбиелеу. 4. Оқушыларда тұлғаның өздігінен дауын, өзін-өзі ұстау мәдениетін, адамгершілікке тәрбиелеу жөніндегі әдебиеттерді насихаттауға назар аударуды күшейту 5. Ақпараттық-кітапханалық қызмет көрсетудің сапасын арттыру. 6. Ұлтжандылық, табиғатты сүю, салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыруға әсер ету
Кітапхана жұмысының басты бағыттары	Кітапханадан ақпарат алуға педагогтерге, оқушыларға, олардың ата-аналарына әдістемелік көмек беру Білім берудің жаңа құралдары туралы педагогикалық және әдістемелік әдебиеттер туралы ақпарат алуда мұғалімдер үшін жағдай жасау Кітап оқу, баспаларды қарау, компьютерлік бағдарламалармен жұмыста мұғалімдер мен оқушыларға жағдай жасау Қордың жинақталуы мен сақталуын қамтамасыз ету

Анықтамалық-библиографиялық аппаратты жүргізу

Мектеп кітапханасында және ғалереяда «QR код» енгізілген, ол арқылы оқушылар және ұстаздар кез келген кітап авторы арқылы толық ақпарат алуына болады. «QR код» кітапхана каталогына, электронды кітапхана базасына еруге мүмкіндік береді. Кез келген оқырман смартфонға «QR код» бағдарламасын жүктеу арқылы таңдаған әдеби кітаптарының толық мазмұныны оқи алады. «QR код» қосымшасын ашық сабақтар кезінде пайдалануға болады.

Жоғары және орта буындағы сыныптар кітапхана шараларына белсенді түрде қатысады. Жыл бойына олар үнемі қосымша анықтамалар мен әдеби кітаптар алып тұрады, мектеп бағдарламасынан қазақ классиктерін, Заманауи әдебиеттерді және шетелдік авторлардың кітаптарын зерттейді, сыни мақалар іздейді, сондай-ақ басқа мектеп пәндері бойынша әдебиеттерден керек мәліметтерін алады, тарихқа қызығушылық танытады, эссе мен баяндама жазу үшін анықтамалық кітаптар мен энциклопедияларды қолданады. Бастауыш сынып оқушылары кітапханаға белсенді түрде барады, қызығушылықтарына сәйкес кітаптарды, балаларға арналған әдеби кітаптар мен қазақ жазушыларының өлеңдерін таңдайды, әр түрлі кітапханалық шараларға үнемі қатысады. Оқырмандар арасында ең көп ізденушілер бүлдіршіндер мен жасөспірімдер, әр пәнге арналған білім беру журналдарын қолданады.

Оқушылардың 80% кітапханаға белсенді түрде барады, көркем әдебиеттерге, кітаптарға, мерзімді басылымдарға жүгіне алады. Кітапхана ғаламторға қол жетімді, 1 компьютермен жабдықталған, қосымша мәліметтер алуларына жағдай жасалған.

Оқырмандармен жұмыс

Бұқаралық жұмыс келесі негізгі бағыттар бойынша жүргізіледі: еркін оқу қолдау, мектептің білім беру бағдарламаларын игеруге көмек, оқу үдерісін қолдау.

2023-2024 оқу жылы оқырмандармен жұмыс жүргізудің саралау тәсілі бойынша келесі топтары анықталды:

- *1-4 сынып оқушылары;
- *5-6 сынып оқушылары;
- *7-8 сынып оқушылары;
- *9-11 сынып оқушылары;
- *педагог қызметкерлері

Ата-аналармен жұмыс

Кітапхана сонымен қатар ата-аналарға қызмет көрсетеді:

- *балаларының кітапхананы пайдалану туралы ақпарат беру;
- *мектеп оқушыларына қосымша материал таңдау бойынша жеке жұмыс.

Биылғы жаңа оқу жылында жаңа бағдарлама бойынша қосымша 5,6,7,8 сынып, 9,11 сынып оқушыларына жаңа бағдарлама бойынша электронды оқулықтар бар. 2023-2024 оқу жыл мектеп оқушыларын түгел оқулықпен 100% қамтамасыздандырылды.

1 сыныптан 11 сыныпқа дейін 100% оқулықтармен қамтамасыздандырылған кесте

№	Сыныптар	Бала саны	Қамту
1	Даярлық топ	5	100 %
2	1 сынып	12	100 %
3	2 сынып	10	100 %
4	3 сынып	12	100 %
5	4 сынып	10	100 %
6	5 сынып	15	100 %
7	6 сынып	18	100 %
8	7 сынып	16	100 %
9	8 сынып	16	100 %
10	9 сынып	8	100 %
11	10 сынып	3	100 %
12	11 сынып	9	100 %

Жалпы мектеп мұғалімдері де әдістемелік құралдармен 100% қамтамасыздандырылған.

Биылғы 2023-2024 оқу жылына қосымша тапсырыс бойынша 2 сынып жаңа бағдарлама бойынша жаңа буын оқулықтары түсті.

Қорытындылар:

Барлық оқулықтар Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігі 2023-2024 оқу жылына арналған жалпы білім беру мекемелерінде білім беру процесінде пайдалануға ұсынған оқулықтар тізбесіне сәйкес келеді. Мектептегі жалпы оқушылар саны 129 оқушы түгелімен 100% оқулықпен қамтамасыздандырылған:

№		2021-2022	2021-2023	2023-2024
1	Оқушылар саны	717	670	622
2	1-4 сынып	267	236	212
3	5-9 сынып	391	374	365
4	10-11 сынып	64	60	45
5	Оқырман	740	700	675
6	Келушілер саны	860	845	865
7	Кітап берілімі	12670	13755	13845
8	Кітап қоры	34554	34645	36607
9	Қазақ тіліндегі кітап қоры	17950	18000	18000
10	Барлық оқулықтар қоры	13745	14560	15700
11	Әдістемелік кітаптар	1290	1300	1370
12	Дәптерлер	1240	1250	1120
13	Көркем әдебиет	17900	17985	18000
14	Басқа ұлт тіліндегі	1209	1215	1220
15	Баспасөз басылымдары	22	14	15
16	Қазақ тіліндегі басылымдар	18	12	15
17	CD DVD диски	50	60	75
18	CD DVD диск қазақ тілінде	60	70	77
19	Жалпы іс-шара	17	20	25
20	Жалпы кітап сәресі	12	12	28
21	Кітап қоймасы	1	1	1
22	Абонемент	1	1	1
23	Оқырман залы	1	1	1
24	Оқырман залындағы орын	15	15	17
25	Компьютер	7	6	6
26	Штаты	1	1	1
27	Қордың өсуі	7840	5412	2930

2021-2022	2022-2023	2023-2024
Жалпы қор саны-34554	Жалпы қор саны-34645	Жалпы қор саны - 36607
Жаңа оқулықтар саны-13745	Жаңа оқулықтар саны-14560	Жаңа оқулықтар саны-15700
		Кітап берілім 13845

Кітап берілім 12670	Кітап берілім 13755	Келушілер саны 865
Келушілер саны 860	Келушілер саны 845	Оқырман 675
Оқырман 740	Оқырман 700	

Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

1. Мемлекеттік қорытынды аттестациясының нәтижесі

2. Қорытынды аттестаттауды білім сапасы мен үлгерімі

Сынып	пәндер	2021-2022		2022-2023	
		білім сапасы	үлгерімі	білім сапасы	үлгерімі
9	Қазақ тілі	91	100	73	100
	Алгебра	82	100	81	100
	Орыс тілі мен әдебиеті	64	100	81	100
	География	64	100		
	Қазақстан тарихы			81	100
11	Қазақ тілі	86	100	100	100
	Алгебра және анализ бастамалары	100	100	100	100
	Қазақстан тарихы	86	100	100	100
	Орыс тілі және әдебиеті	86	100	100	100
	География			100	100
	Физика	100	100		
	Биология	50	100		
	Дүниежүзі тарихы	100	100		
	Ағылшын тілі	100	100		

Жалпы орта білім беру сатысындағы бітірушілерді қорытынды аттестаттау нәтижелерінің тұрақты динамикасы байқалады. 2021-2022 оқу жылында қорытынды аттестаттауды өткізу форматының өзгеруіне байланысты негізгі оқыту сатысында қазақ тілі пәнінен динамиканың төмендеуі байқалды. 2021 жылдан бастап нәтижелілік тұрақты (жеткілікті деңгей көрсетілуде). 2021-2022 оқу жылы мен 2022-2023 оқу жылында 9 сыныпты 11 оқушы аяқтады. 2021-2022 оқу жылында 11 сыныпта 7 оқушы болса, 2022-2023 оқу жылы 2 түлек болды.

Үй тапсырмасына қойылатын талаптарды сақтау

“Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында үй тапсырмасын ұйымдарында үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау жөніндегі әдістемелік ұсынымдары бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 182 бұйрығына сәйкес бастауыш сынып оқушыларының оны орындау мүмкіндігін ескере отырып, тапсырманың көлемі бойынша талаптар орындалады (2-4). Білім алушылардың қызығушылығын арттыру және жеке тәсілді ұйымдастыру үшін (олқылықтарды толтыру бойынша жұмысты ұйымдастыру қажеттілігін ескере отырып) оқулық тапсырмалары да, “Bilmland” платформасының интерактивті ресурстары да пайдаланылады. Үй тапсырмалары көлемінің сұрақтары үнемі мектепшілік бақылауда.

Білім алушылардың қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптары

